

Бекітемін
«Бөбек kids» жеке бөбекжай
менгерушісі Т.М.Айткалиева



«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі

№	Топ атауы	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
1	«Еркем-ай» ортаңғы тобы	Қазақ тілі				
2	«Болашақ» ересек тобы			Қазақ тілі		

Қазақ тілі мұғалімі: Сариева М.Е

Келісемін 
Бөбекжай әдіскері

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 04.09.-08.09.2023

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі 04.09.2023ж	Сейсенбі 05.09.2023	Сәрсенбі 06.09.2023	Бейсенбі 07.09.2023	Жұма 08.09.2023
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы	«Болашақ» ересек тобы Отбасы тақырыбындағы жаңа сөздерді қайталайды.		.
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Ата-анамен тығыз байланыс жасау (тәрбиешілерге) Туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді түсіндіру(ата-аналарға)	Бауыр, ағайын, туысқан сөздерінің мағынасын тереңірек түсіндіру.(тәрбиешілерге) Отбасылық мерекелер мен салт-дәстүрлер туралы көбірек айту.(ата-аналарға)		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі 04.09.2023ж	Сейсенбі 05.09.2023 «Еркем-ай» ортаңғы тобы	Сәрсенбі 06.09.2023 «Болашақ» ересек тобы	Бейсенбі 07.09.2023	Жұма 08.09.2023	
	Тақырыбы: «Менің отбасым» 1.Сәлемдесу. "Кел, сәлемдесейік" жаттығуы. 2.Әңгімелесу. Балалар, отбасы мүшелері деп кімдерді айтады? Отбасында неше адам бар? 3. Дидактикалық ойын: «Отбасындакімдер бар?»сиқырлы сақинаарқылы отбасы мүшелерін айтады.	Тақырыбы: «Менің отбасым» 1.Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Арайлап таң атты! Алтын сәуле таратты! Жарқырайды даламыз! Жайнай түссін қаламыз! 2. Әңгімелесу. «Отбасы» атты сурет бойынша. Мұғалім балалардың назарын суретке аударып,			

	4.Сергіту сәті. "Бой жазу" 5.«Көлеңкесін тап» ойыны. Отбасы мүшелерініңкөлеңкесін табады. 6. «Терезеден кім қарады?» дидактикалық ойыны. Үйдің терезінен отбасы мүшелерінің суреті кезектесіп көрінеді. Баралар олардың кім екенін айтады және немен айналысып жатқанын әңгімелейді. Сөйлем құрады. Күтілетін нәтиже: қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді (бөпе, аға, апа, іні, қарындас) айту және түсіну дағдыларын қалыптастырады.	әңгімелеседі. 3.Дидактикалық ойын: «Сөйлемді толықтыр» Менің әкемнің аты - ... Менің анамның аты -... Мен ата-анамды ... жақсы көремін. Балалар суретке қарап көп нүктенің орнына ата-аналарыңды ауызша сипаттап беріңдерші? Менің әкем ... адам. (жақсы, ақкөңіл, сыпайы, құрметті) 4.Сергіту сәті: Атам жылқы бағады, (бір отында тұрып шабу) Ағам пішен шабады. (шөп шапқандай қимыл жасау) Жеңгем сиыр сауады, (отырып қолдарын қимылдатады) Анам кілем қағады. (Қолдарын алға жайып қимыл жасайды) 5. Дидактикалық ойын. «Кім жоқ?» Мұғалім тақтаға отбасы мүшелерінің суретін іледі. Балалар көзін жұмған кезде бір отбасы мүшесінің суретін алыс тастайды. Балалар көздерін ашып, мұқият қарап кім жоқ екенін айтады. Қорытынды: «Біз не үйрендік?» сұрағына жауап алынады. Күтілетін нәтиже: туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді үйренеді.		
--	--	--	--	--

Келісемінн 
Бөбекжай әдіскері

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 11.09.-15.09.2023

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы Отбасы мүшелерін атап береді.	«Болашақ» ересек тобы Отбасы туралы санамақты жатқа айтады.		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: отбасы мүшелерінің аттарын дұрыс айтуға үйрету Ата-аналарға: отбасы мүшелерінің міндеттері туралы айту	Тәрбиешілерге: отбасы туралы санамақтар жаттату Ата-аналарға: отбасы мүшелерімен еркін диалог құру		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі - 11.09.2023	Сейсенбі – 12.09.2023 «Еркем-ай» ортаңғы тобы	Сәрсенбі – 13.09.2023 «Болашақ» ересек тобы	Бейсенбі – 14.09.2023	Жұма – 15.09.2023	
	Тақырыбы: «Менің балабақшам» 1.Сәлемдесу . Айдай арайлап, Жұлдыздай жарқырап. Судай мөлдір таза көңілмен, Күнімізді бастаймыз. 2. Әңгімелесу. «Біздің топ» атты сурет бойынша. Мұғалім балалардың	Тақырыбы: «Балабақшам - көңілді» 1.Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Алақанға алақан, Достасайық балақан. Мен, сен, біз Доспыз бәріміз. 2. Әңгімелесу. «Менің балабақшам» атты сурет бойынша. Мұғалім балалардың назарын суретке аударып, әңгімелеседі.			

	назарын суретке аударып, әңгімелеседі. Мынау балабақша. Балабақша үлкен, ... Балабақша қандай? Суреттегі топта неше қыз бар? Үстелдің айналасында неше бала бар? 3.Дидактикалық тапсырма: Ойыншық қонжықты дәл суреттегідей етіп бояйды. Тіл ұстарту жаттығуы. Дар-дар-дар Суретте көңілді қыздар. Тар-тар-тар Топта әдемі орындықтар. 4.Сергіту сәті: Бір-бірімен сыйласты, Тату жүрміз бәріміз. Бал достықтың ұясы – Біздің балабақшамыз. 5.«Тобымызда не бар?» топты мұқият бақылап, топтағы заттарды, бөлмелерді, жиһаздарды атап береді. Қорытынды: «Біз не үйрендік?» сұрағына жауап алынады. Смайликтер арқылы. Күтілетін нәтиже: құрдастарымен ортақ тақырыпта әңгімелеседі, жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырата алады.	Балабақшада сендерге не ұнайды? Топта қандай бөлмелер бар? Топтағы заттарды атап беріндерші? 3. Дидактикалық тапсырма. Тобымыздағыдай кілемді әдемілеп бояйық. (кілемнің суретін бояйды) «Ө» дыбысынан тұратын сөздерді айтады, қайталайды. Өрмекші, өрік, өзен, өрмек, өшіргіш, өсімдік, өркеш. «Ө» дыбысына байланысты буындарды қайталап өтейік: өр-өт-өк-өс-өн-өп. 4. Сергіту сәті: Аяқпенен топ-топ-топ, Ал қолменен хлоп-хлоп-хлоп. Бір оңға, бір солға, Айналайық кел мында. Қолымызды бір сілтеп, Басымызды шайқайық. Бір оңға, бір солға, Айналайық кел мында. 5. «Ө» дыбысына байланысты тақпақ жаттайық. Өрмекші кетіп барады, Өрмегін тоқып масаға. Өнермен жемін табады, Өрмелеп жүріп тасада. Қорытынды: Біз не үйрендік?» сұрағына жауап алынады. Күтілетін нәтиже: қазақ тіліне тән «ө» дыбысын жеке, сөз ішінде айтады.		
--	---	--	--	--

Келісемінн
Бөбекжай әдіскері



Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 18.09.-22.09.2023

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы Ойыншықтың түрлерін атап береді.	«Болашақ» ересек тобы Өздерінің сүйікті ойыншықтары туралы диалог құрады.		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: кітаптағы ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып сұрақтарға толық жауап беруге баулу. Ата-аналарға: сүйікті ойыншығы туралы әңгімелесу.	Тәрбиешілерге: есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету. Ата-аналарға: ойыншықтарын күтіп ұстауға үйрету.		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 18.09.2023	Сейсенбі – 19.09.2023 «Еркем-ай» ортаңғы тобы	Сәрсенбі – 20.09.2023 «Болашақ» ересек тобы	Бейсенбі – 21.09.2023	Жұма – 22.09.2023	
	Тақырыбы: «Сүйікті ойыншығым» 1.Сәлемдесу . Жылулық шеңбері. Біз ұқыпты баламыз, Айтқан тілді аламыз. Ойыншықтарды жинаймыз, Үлкендерді сыйлаймыз.	Тақырыбы: «Ойыншықтар» 1.Сәлемдесу. Біз ұқыпты баламыз, Айтқан тілді аламыз. Ойыншықтарды жинаймыз, Үлкендерді сыйлаймыз. 2. Әңгімелесу.			

	2. Әңгімелесу. «Менің сүйікті ойыншығым» атты сурет бойынша. Мұғалім балалардың назарын суретке аударып, әңгімелеседі. Сенде қандай ойыншықтар бар? Ең жақсы көретін ойыншығың қандай? Ойыншығыңның түсі қандай? Суреттегі қыздың қандай ойыншықтары бар екен? Ол қай ойыншықпен ойнап отыр? 3.Дидактикалық тапсырма: «Ойыншықты сипатта» Жұмсақ ойыншықтың дене мүшелерін айтып береді (көзі, құлағы, ауызы, мұрыны, аяғы, құйрығы) Тіл ұстарту жаттығуын қайталайық. Топ-топ, топ-топ, Достармен ойнаймыз доп. 4.Сергіту сәті: «Қуыршақтан қайтала» Мұғалім қолына қуыршақты ұстап балалармен таныстырады. Содан кейін мұғалім қуыршақты отырғызып-тұрғызып, орындықтан айналдырып балаларға көрсетеді. Ал балалар қуыршақтың іс-әрекетін қайталайды. 5. Тақпақ жаттап алайық. Біздерде бар қуыршақ, Бұзау, қозы, құлыншақ. Ойыншықтар тыңдайды, Айтқаныңнан шықпайды. Қорытынды: «Біз не туралы айттық?» сұрағына жауап	Сенде қандай ойыншықтар бар? Ең сүйікті ойыншығың қандай? 3.Дидактикалық ойын: «Бұл не?» ойыншықтарды атайды.Сипаттап береді. Бұл ойыншықтардың ішінен қайсысы ұнайды? Не үшін ол ойыншықты алғың келеді? 4.Ойын: «Ойыншықтарқайда тұр?» бөлмедегі ойыншықтардың орналасқан орнын айтады. Қонжық үстелдің астында жатыр ма? Қонжық үстелді астында емес, үстінде. Қуыршақ қайда? Кереуеттің жанында ма? Қуыршақ кереуеттің жанында емес, орындықтың артында. Дыбыстық жаттығулар.Шық-шық-шық-ойыншықШақ-шақ-шақ - қуыршақ Тақпақ жаттау. Добым, добым, домалақ,Қайда кеттің домалап? Секіресің, зырлайсың, Бір орнында тұрмайсың.Күтілетін нәтиже: бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, жауап беруге үйренеді. Есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйренеді.		
--	--	---	--	--

	алынады. Күтілетін нәтиже: кітаптағы ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып сұрақтарға жауап береді.			
--	---	--	--	--

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 25.09.-29.09.2023

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы Тіл ұстарту жаттығуын қайталап айтып береді.	«Болашақ» ересек тобы Суретке қарап күз мезгілі туралы сөйлем құрайды.		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілер: күз мезгілінің ерекшеліктері туралы айту Ата-аналар: балалар өздеріне айтылған сөзді есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.	Тәрбиешілер: өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізе білуге дағдыландыру. Ата-аналар: табиғат өзгерістері туралы әңгімелесу.		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 25.09.2023	Сейсенбі – 26.09.2023 «Еркем-ай» ортаңғы тобы		Сәрсенбі – 27.09.2023 «Болашақ» ересек топтары	Бейсенбі – 28.09.2023	Жұма – 29.09.2023
	Тақырыбы: «Күз мезгілі» 1.Сәлемдесу . Қуан, шаттан, алақай! Қуанатын күн келді. Қайырлы таң! Көк аспан. Қайырлы таң! Алтын күн. 2. Әңгімелесу. «Алтын күз» атты сурет бойынша. Мұғалім балалардың назарын суретке аударып, әңгімелеседі.		Тақырыбы: «Сиқырлы күз» 1.Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Қуан, шаттан, алақай! Қуанатын күн келді. Қайырлы таң! Көк аспан. Қайырлы таң! Алтын күн. 2. Әңгімелесу. «Сиқырлы күз» атты сурет бойынша. Мұғалім балалардың назарын суретке		

	Қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілінде ауа райы қандай болады? Күз қандай? Жапырақтардың түсі қандай? 3.Дидактикалық тапсырма: суреттегі боялмай қалған затты толықтырып бояйды. (ағаш) Тіл ұстарту жаттығуын қайталайық. Үз-үз-үз, Жаңбырлы күз. 4.Сергіту сәті: Біз гүлдерше өсеміз, Жапырағы жайқалған. Сабақтары салалы, Желмен бірге ырғалған. 5. Балалар күз туралы тақпақ жаттап алайық. Күзім-ау, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп, Келгенің қызық-ау. Қорытынды: «Біз не үйрендік?» сұрағына жауап алынады. Смайликтер арқылы. Күтілетін нәтиже: балалар өздеріне айтылған сөзді есте сақтап, әңгімелесе біледі.	аударып, әңгімелеседі. Қазір жылдың қай мезгілі? Күзде қандай өзгерістер болады? Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырайын, ал сендер тауып көріңдер. Аспаннан домалап, Көп моншақ төгілді. (жаңбар) 3.Дидактикалық тапсырма: «Ұқсасын тап» түрі ұқсас жапырақтарды сызықпен қосып, бояйды. 4.Сергіту сәті: «Күзгі құбылыстар» Күз айы бастала салысымен желдетті(алақандарын беттестіріп, ысқылайды) Жаңбардың алғашқы тамшылары тама бастады(саусақтарымен ақырын тырсылдатады) Жаңбыр жауды(алақандарымен кеудесін соғады) Жаңбыр қатты құйып кетті(сандарын соққыдайды) Күн күркіреді (бір рет қатты секіреді) 5.Дидактикалық ойын: «Кірпі» Кірпінің азықтарын жинауға көмектесейік. Кірпінің тікендеріне не қадауға болады? (саңырауқұлақ, ойыншық, алма, алмұрт, кәмпит) Қорытынды: «Біз не үйрендік?» сұрағына жауап алынады. Смайликтер арқылы Күтілетін нәтиже: өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізеді. Табиғат өзгерістері туралы біледі, айтады. Қазақ тіліне тән «қ» дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтады.		
--	---	---	--	--

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 02.10.-06.10.2023

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы Көгөністер қай өсетінін айтады.	«Болашақ» ересек тобы Көгөністерге не жататынын айтып береді	.	
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: көгөністердің пайдасы туралы айту Ата-аналарға: жемістер мен көгөністерді қазақша атауымен айту	Тәрбиешілерге: жемістер мен көгөністерді ажырата білуге үйрету. Ата-аналарға: көгөністерді көбірек тұтыну.		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 02.10.2023	Сейсенбі – 03.10.2023 «Еркем-ай» ортаңғы тобы		Сәрсенбі – 04.10.2023 «Болашақ» ересек тобы	Бейсенбі – 05.10.2023	Жұма – 06.10.2023
	Тақырыбы: «Көгөністер» 1.Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Аманбысың, алтын күн! Аманбысың, жарқын күн! Маған жылу, жарық бер, Қуаныш пен шаттық бер. 2. Әңгімелесу. «Бақшада» атты сурет бойынша. Бақшада не өседі? Қандай көгөністерді білесіңдер? Суретте қандай көгөністер бар?		Тақырыбы: «Көгөністер» 1.Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен өсейік. Қабак түйген не керек, Көңілді боп жүрейік. 2. Әңгімелесу. «Бақша ішінде» атты сурет бойынша. Мұғалім балалардың назарын суретке аударып, әңгімелеседі. Бақшада не өседі? Балалар, жеміс-жидектер мен көгөністерді жылдың қай		

	3.Дидактикалық тапсырма. Қоян қандай көгөністі жақсы көреді? Қоянның сүйікті көгөнісін айтады және қарандашпен сызып қосады, бояйды. 4. Сергіту сәті Бақшаға біз барамыз, Көгөністер аламыз. Бәрін жинап себетке, Көңілді біз қайтамыз. 5. Ойын: «Суреттерсөйлейді» Қолшатыр астында жасырынған суреттерден сөйлем құрастырады. Тіл ұстату жаттығуы Ка-ка-ка – картоп, Қи-қи-қи – қияр, Қы-қы-қы – қызылша, Пи-пи-пи - пияз. Қорытынды: «Біз не білдік?» Сұрағына жауап алынады. Күтілетін нәтиже: көгөністердің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастырады.	мезгілінде жинаймыз? Өзің ұнататын көгөністі айтшы. Миғу шабуыл. Қалың киімді ұнатады. Шешіндірсең жылатады. (пияз) 3.Дидактикалық тапсырмалар: Парақтағы көгөністер мен жемістерді санайды, бояйды. Екіден бейнеленген суреттердің астындағы шеңберді белгілейді. 4.Қимылды ойын: «Салатқа не керек?» Балалар түрлі көгөністер болып киінеді.Аспаз салатқа қажетті көгөністерді турау үшін көгөністерді шақырады. Көгөністер аспаздың қолына түспес үшін жан-жаққа қашады. 5. «Не жоқ?» ойыны. Балалар тақтаға ілінген көгөністерді мұқият қарайды, көздерін жұмып, қатардан жоғалып кеткен көгөністі тауып, айтады. 6. «Жаңылтпаштан жаңылма» Асан бақша жақтан, Ақ сабақ асқабақ әкелді. Басқа жақтан, Басқарақ асқабақ әкелді. Қорытынды: «Біз не үйрендік?» сұрағына жауап алынады. Смайликтер арқылы. Күтілетін нәтиже: өсімдіктердің атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастырады		
--	---	---	--	--

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 09.10.-13.10.2023

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі 09.10.2023ж	Сейсенбі 10.10.2023	Сәрсенбі 11.10.2023	Бейсенбі 12.10.2023	Жұма 13.10.2023
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы Тіл ұстарту жаттығуын айтып береді	«Болашақ» ересек тобы Алмұрт туралы санамақты қайталап айтады.		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: жемістердің түсі мен түр сипатын ажырата білуге үйрету Ата-аналарға: дәруменге бай жемістерді көбірек тұтыну.	Тәрбиешілерге: жемістер туралы санамақ жаттату. Ата-аналарға: жемістердің пайдасы туралы түсіндіру		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 09.10.2023	Сейсенбі – 10.10.2023 «Еркем-ай» ортаңғы тобы		Сәрсенбі – 11.10.2023 «Болашақ» ересек тобы	Бейсенбі – 12.10.2023	Жұма – 13.10.2023
	Тақырыбы: «Жемістер» 1.Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Аманбысың, алтын күн! Аманбысың, жарқын күн! Маған жылу, жарық бер, Қуаныш пен шаттық бер. 2. Әңгімелесу. «Жеміс бағы» атты сурет бойынша. Мұғалім балалардың назарын суретке аударып, әңгімелеседі.		Тақырыбы: «Жеміс бағында» 1.Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен өсейік. Қабак түйген не керек, Көңілді боп жүрейік. 2. Әңгімелесу. «Жемістер» атты сурет бойынша. Мұғалім балалардың назарын суретке аударып, әңгімелеседі.		

	Күзде не піседі? Өздерің білетін жемістер мен көгөністерді айтып беріңдерші? Бақта не піседі? Суреттегі алма ағашында неше алма пісіп тұр? Алмалардың түстерін айтыңдаршы. 3.Дидактикалық тапсырма: үлестірмелі парақтағы жемістер мен жапырақтарды бояйды. Жемістерді санайды. Суретте қандай жемістер бар? Неше өрік бар? Неше алмұрт бар? Неше алма бар? 4.Сергіту сәті: Алтын-сары, қызыл-көк, Алуан-алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Күзгі бақта шаттана, Би билейміз айнала. 5. «Жемісті сипатта» Қолшатырға түрлі жемістер ілінген. Балалар жеміс санына сәйкес дөңгелене тұрады. Мұғалім қолшатырды ұстап ортада тұрады. Әуен қосылғанда балалар көздерін жұмады, мұғалім қолшатырды айналдырып, балалардың қолына жемістерді ұстатады. Балалар көздерін ашпай, қолдындағы қандай жеміс екенін сипап сезі арқылы айтады. Тіл ұстарту жаттығуы. Қызым жүзім же, Жүзімді үзіп же. Қорытынды: : «Алма ағашы» әдісі арқылы кері байланыс жасалады. Күтілетін нәтиже: жемістердің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастырады.	Қандай жемістерді білесіңдер? Жемістер қайда өседі? Өзің ұнататын жемісті сипаттап берш. Пісіп тұрған төрт алмұрт, Қызығатын көрген жұрт. Екі алмұртты бұтақтан, Алып жеді Мұратхан. Қанша қалды алмұрттан? 3.Дидактикалық тапсырма: бірдей көлемдегі алма мен алмұртты қосады, бояйды. Тіл ұстарту жаттығуы. Ыз-ыз-ыз, Жарылды қарбыз. Ар-ар-ар, Жерге түсті анар. 4.Сергіту сәті: Алма, алма, көп алма, Қызыл сары тәтті алма. Теріп алып келейік, Атамызға берейік. 5. «Жаңылтпаштан жаңылма» Күз, кез, күз, Күш, кеш,көш,Күл, кел, көл, Кілең қысқа сөз. Ойын: «Жел соқты»қатты жел соққанда, жаңбыр жауғанда қандай дыбыс естілетінін тыңдау, сөз дыбыстарын дұрыс айтуға үйренеді Қорытынды: «Алма ағашы» әдісі арқылы кері байланыс жасалады. Күтілетін нәтиже: өсімдіктердің атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастырады.		
--	--	--	--	--

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 16.10.-20.10.2023

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы Көгөністер қай өсетінін айтады.	«Болашақ» ересек тобы Көгөністерге не жататынын айтып береді	.	
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: көгөністердің пайдасы туралы айту Ата-аналарға: жемістер мен көгөністерді қазақша атауымен айту	Тәрбиешілерге: жемістер мен көгөністерді ажырата білуге үйрету. Ата-аналарға: көгөністерді көбірек тұтыну.		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 16.10.2023	Сейсенбі – 17.10.2023 «Еркем-ай» ортаңғы тобы	Сәрсенбі – 18.10.2023 «Болашақ» ересек тобы	Бейсенбі – 19.10.2023	Жұма – 20.10.2023	
	Тақырыбы: «Көгөністер» 1.Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Аманбысың, алтын күн! Аманбысың, жарқын күн! Маған жылу, жарық бер, Қуаныш пен шаттық бер. 2. Әңгімелесу. «Бақшада» атты сурет бойынша. Бақшада не өседі? Қандай	Тақырыбы: «Көгөністер» 1.Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен өсейік. Қабак түйген не керек, Көңілді боп жүрейік. 2. Әңгімелесу. «Бақша ішінде» атты сурет бойынша. Мұғалім балалардың назарын суретке аударып, әңгімелеседі.			

	көгөністерді білесіңдер? Суретте қандай көгөністер бар? 3.Дидактикалық тапсырма. Қоян қандай көгөністі жақсы көреді? Қоянның сүйікті көгөнісін айтады және қарандашпен сызып қосады, бояйды. 4. Сергіту сәті Бақшаға біз барамыз, Көгөністер аламыз. Бәрін жинап себетке, Көңілді біз қайтамыз. 5. Ойын: «Суреттерсөйлейді» Қолшатыр астында жасырынған суреттерден сөйлем құрастырады. Тіл ұстату жаттығуы Ка-ка-ка – картоп, Қи-қи-қи – қияр, Қы-қы-қы – қызылша, Пи-пи-пи - пияз. Қорытынды: «Біз не білдік?» Сұрағына жауап алынады. Күтілетін нәтиже: көгөністердің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастырады.	Бақшада не өседі? Балалар, жеміс-жидектер мен көгөністерді жылдың қай мезгілінде жинаймыз? Өзің ұнататын көгөністі айтшы. Миғу шабуыл. Қалың киімді ұнатады. Шешіндірсең жылатады. (пияз) 3.Дидактикалық тапсырмалар: Парақтағы көгөністер мен жемістерді санайды, бояйды. Екіден бейнеленген суреттердің астындағы шеңберді белгілейді. 4.Қимылды ойын: «Салатқа не керек?» Балалар түрлі көгөністер болып киінеді.Аспаз салатқа қажетті көгөністерді турау үшін көгөністерді шақырады. Көгөністер аспаздың қолына түспес үшін жан-жаққа қашады. 5. «Не жоқ?» ойыны. Балалар тақтаға ілінген көгөністерді мұқият қарайды, көздерін жұмып, қатардан жоғалып кеткен көгөністі тауып, айтады. 6. «Жаңылтпаштан жаңылма» Асан бақша жақтан, Ақ сабақ асқабақ әкелді. Басқа жақтан, Басқарақ асқабақ әкелді. Қорытынды: «Біз не үйрендік?» сұрағына жауап алынады. Смайликтер арқылы. Күтілетін нәтиже: өсімдіктердің атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастырады		
--	--	---	--	--

Келісемін 
Бөбекжай әдіскері

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 23.10-27.10.2023

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы	Мереке күні		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: мемлекеттік рәмміздердің мағынасын түсіндіру. Ата-аналарға: елін, жерін сүйуге баулу			
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 23.10.2023	Сейсенбі – 24.10.2023 «Еркем-ай» ортаңғы тобы		Сәрсенбі – 25.10.2023 Мереке күні	Бейсенбі – 26.10.2023	Жұма – 27.10.2023
	Тақырыбы: «Республика күні» 1.Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Арайлап таң атты! Алтын сәуле таратты! Жарқырайды даламыз! Жайнай түссін қаламыз! 2. Әңгімелесу. «Республика күні» атты сурет бойынша. Біз қандай мемлекетте тұрамыз? Біздің ұлтымыз кім? Бас қаламыз қай қала? Мемлекеттік рәміздерге не жатады? 3.Дидактикалық тапсырма. «Туды толықтыр» Мемлекеттік рәміздердің бірі – тудың				

	бөліктерін қажетті орнына қояды. 4. Сергіту сәті Дөңгелене тұрамыз, Керегені құрамыз. Уық болып иіліп, Шаңыраққа киіліп, Киіз үйді тігеміз. 5. Мақал жаттап жүрейік! Отан оттан да ыстық. Отансыз адам – Ормансыз бұлбұл. Қорытынды: «Біз не білдік?» Сұрағына жауап алынады. Күтілетін нәтиже: көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдауды және түсінуді дамытады.			
--	--	--	--	--

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 30.10.-03.11.2023

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс	.	«Еркем-ай» ортаңғы тобы Жаңылтпашты қайталап айтады.	«Болашақ» ересек тобы Ұн тағамдарының көлеңкесін тауып, атайды.		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: достық туралы мақал-мәтелдер жаттату. Ата-аналарға: топтағы достарымен тату болуға, бірге ойнауға үйрету.	Тәрбиешілерге: сұрақтардың сипатына сәйкес лепті сөйлемдермен жауап беруге үйрету. Ата-аналарға: нанға байланысты тиымдарды үйрету.		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 30.10.2023	Сейсенбі – 31.10.2023 «Еркем-ай» ортаңғы тобы		Сәрсенбі – 01.11.2023 «Болашақ» ересек тобы	Бейсенбі – 02.11.2023	Жұма – 03.11.2023
	Тақырыбы: «Менің достарым» 1. Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Арайлап таң атты! Алтын сәуле таратты! Жарқырайды даламыз! Жайнай түссін қаламыз! 2. Әңгімелесу. «Достар» атты сурет бойынша. Мұғалім балалардың назарын суретке аударып, әңгімелеседі. Балалар, дос деп кімді айтады? Достар қандай болады? Сендердің достарың көп		Тақырыбы: «Ас атасы – нан» 1. Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен өсейік. Қабақ шытқан не керек, Көңілді боп жүрейік. 2. Әңгімелесу. «Ас атасы – нан» атты сурет бойынша. Мұғалім балалардың назарын суретке аударып, әңгімелеседі. Нан неден жасалады? Ұн тағамдарын атап беріндерші. Бидайдан не жасайды?		

	пе? Сенің досыңның аты кім? 3.Дидактикалық тапсырма: үлестірілген парақтағы балалардың батпырауығын шатастырмай сызып, қосады. 4.Сергіту биі: «Достарым» Балалар дөңгелене тұрып арнайы резинканы ұстап, мұғалімнің көрсетуімен әуенге билейді. 5. Мақал-мәтел жаттап жүрейік! Жүз теңгең болғанша, жүз досың болсын. Аққуды атпа, досыңды сатпа. Жаңылтпаштан жаңылма! Далада Дана да ойнап жүр, Далада Сана да ойнап жүр Қорытынды: «Біз не үйрендік?» сұрағына жауап алынады. Смайликтер арқылы. Күтілетін нәтиже: балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасай отырып, құрдастарын есімімен толық атауға үйренеді.	3.Дидактикалық тапсырма: «Көлеңкесін тап» Ұн тағамдарының көлеңкелерін тауып, сәйкестендіреді. 4.Сергіту сәті: Көктемде жерді жыртамыз, Тегістейміз тырмалап. Дәндерді оған егеміз, Жайқалып көктеп шықсын деп. Күз болғанда орамыз, Нан бәріміз тоямыз. 5. Дидактикалық ойын: «Жауап тап» мұғалім балаларды кезекпен ортаға шығарады. Балалар қалташадан суретті алып мұғалімнің сұрағына сурет бойынша жауап береді. Саған қайсысы көбірек ұнайды? Бауырсақ па, тоқаш па? ... Мақал-мәтел жаттап жүрейік! Ас атасы – нан, Нан атасы – дән. Нан болса, ән болады. Жаңылтпаштан жаңылма! Нан ал. Нан – әл. Нан – нәр. Қорытынды: «Біз не үйрендік?» сұрағына жауап алынады. Смайликтер арқылы. Күтілетін нәтиже: қарым-қатынас барысында қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес лепті сөйлемдермен жауап береді.		
--	--	---	--	--

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 06.11.-10.11.2023

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы Жаңылтпашты қайталап айтады.	«Болашақ» ересек тобы Жұмбақты сұрақтарға жауап береді.		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: сұраққа жауап беруге, жай сөйлемдермен сипаттап айтуға үйрету. Ата-аналарға: ойыншықтарды сындырмауға, достарымен бірге бөлісіп ойнауға үйрету,	Тәрбиешілерге: жабайы жануарлардың тіршілігі туралы әңгімелеу. Ата-аналарға: жануарлар туралы ертегілер оқу.		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 06.11.2023	Сейсенбі – 07.11.2023 «Еркем-ай» ортаңғы тобы	Сәрсенбі – 08.11.2023 «Болашақ» ересек тобы	Бейсенбі – 09.11.2023	Жұма – 10.11.2023	
	Тақырыбы: «Менің ойыншығым» 1.Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Біз ұқыпты баламыз, Айтқан тілді аламыз. Ойыншықтарды жинаймыз, Үлкендерді сыйлаймыз. 2. Әңгімелесу. «Менің ойыншықтарым» атты сурет бойынша. Ең сүйікті ойыншықтарың қандай? Ойыншығыңды досыңмен бірге бөлісіп ойнайсың ба?	Тақырыбы: «Жабайы жануарлар» 1.Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Күніміз ашық болсын, Заманымыз тыныш болсын. Ауамыз таза болсын, Жан-жануар, адамзат аман болсын. 2. Әңгімелесу. «Жабайы жануарлар» атты сурет бойынша. Мұғалім балалардың назарын суретке аударып, әңгімелеседі. Суретте қандай жануарлар бар? Сана. Тағы қандай жануарларды білесіңдер? Жабайы жануарлар қайда өмір сүреді? 3.Дидактикалық тапсырма: «Жолын сыз»			

	Ойыншықтармен ойнаған ұнайды? Қоян ойыншығы қандай? (Жұмсақ, үлкен) Оның түсі қандай?(Оның түсі ақ.) Ал қуыршақтың үстінде қандай киім бар? ... 3.Дидактикалық тапсырма: «Суретті аяқта» суреттері ойыншықтардың жарты бөлігін екінші бөлігімен бірдей етіп салып, бояйды. 4. Қимылды ойын: «Үлкен-кіші» үлкен қорап пен кіші қорапқа ойыншықтарды салады. Үйкен қорапқа үйлен ойыншық, кішкентай қорапқа кішкентай ойыншық салады. 5. «Жаңылтпаштан жаңылма» Жаға жай, Жағажайда жүгіреті Қамажай. Қорытынды: «Біз не білдік?» Сұрағына жауап алынады. Күтілетін нәтиже: ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге үйренеді.	Жануарлардың қорегіне жету жолын қарандашпен сызып, қосады. 4.Қимылды ойын: «Жануарды тап» Балалар кезекпен ортаға шығып мұғалім көрсеткен жануарлы басқа балаларға қимылмен көрсетіп, ыммен түсіндіреді. Балалар қандай жануар екенін табады. 5. «Қандай жұмбақ болса да, шешпей оны қоймаймыз» 1.Тұмсығы ұзын аң? (піл) 2. Баласын қалтасына салып жүретін аң? (кенгуру) 3.Арадан қорқатын аң? (аю) 4.Ең ұзын мойынды аң? (керік) 5. Мысыққа ұқсайтын аң? (жолбарыс) «Жаңылтпаштан жаңылма» Бұл, бұл – піл, Бұл бір ірі піл. Қорытынды: «Біз не үйрендік?» сұрағына жауап алынады. Смайликтер арқылы. Күтілетін нәтиже: Жануарлардың атауларын білдіретін сөздерді түсінеді және атау дағдыларын қалыптастырады.		
--	---	---	--	--

Келісемінн 
Бөбекжай әдіскері

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 13.11.-17.11.2023

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы Құстар туралы тіл ұстарту жаттығуларын қайталап айтады.	«Болашақ» ересек тобы Ертегі кейіпкерлері туралы айтып береді		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: дала құстары туралы әңгімелеу Ата-аналарға: дала құстарының атауларын қазақ тілінде дұрыс айтуға дағдыландыру	Тәрбиешілерге: «Қасқыр мен тышқан» ертегісін қайталап оқу. Ата-аналарға: жабайы жануарлардың атауларын қазақ тілінде дұрыс айтуға дағдыландыру.		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 13.11.2023	Сейсенбі – 14.11.2023 «Еркем-ай» ортаңғы тобы	Сәрсенбі – 15.11.2023 «Болашақ» ересек тобы	Бейсенбі – 16.11.2023	Жұма – 17.11.2023	
	Тақырыбы: «Дала құстары» 1.Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Достар, бері келіндер, Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер. 2. Әңгімелесу. «Дала құстары » атты сурет бойынша. Балалар, қандай құстарды білесіңдер? Дала құстарын атаңдаршы? Олар не үшін дала	Тақырыбы: «Қасқыр мен тышқан» ертегісі 1.Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Шақырамын сендерді, Жолдастарым, кел бері. Толтырайық шаттыққа, Дөңгеленген шеңберді. 2. Әңгімелесу. «Қасқыр мен тышқан» ертегісінің мультфильмін тамашалайды. Балалар ертегі не туралы? Ертегі кейіпкерлерін атаңдаршы. Тышқан			

	кұстары деп аталады? 3.Дидактикалық тапсырма: «Ұясына жеткіз» Құстардың ұясына жету үшін сынық сызықтарды үстінен бастырып сызады. 4. Қимылды ойын: «Ұшты-ұшты» ойыны Ұшты-ұшты, қарға ұшты. Ұшты-ұшты, кітап ұшты. Ұшты-ұшты, сауысқан ұшты. Ұшты-ұшты, тоқылдақ ұшты. Ұшты –ұшты, орындық ұшты. Ұшты-ұшты, торғай ұшты. Ұшты-ұшты, қалпақ ұшты. 5. Тіл ұстарту жаттығулары. Қан-қан-қан, Ала қанат сауысқан. Дақ-дақ-дақ, Емші құс тоқылдақ. Қорытынды: «Біз не білдік?» Сұрағына жауап алынады. Күтілетін нәтиже: қазақ тіліне тән «қ» дыбысын өздігінен дұрыс айтады.	қасқырға не айтты? Қасқыр тышқанның тілегін орындады ма? Қасқыр тышқанды неліктен көп күтті? Тықшан қандай қулық жасады? 3.Қимылды ойын. «Бөтелкедегі доп» Мұғалім бөтелкені қозғаған кезде доп қай жаққа домаласа балалар сол жаққа қарай қисаяды. Осылай балалар допты қайталайды. 4. Тіл ұстарту жаттығуы. Ыр-ыр-ыр, Бұл көкжал қасқыр. Қорытынды: «Біз не үйрендік?» сұрағына жауап алынады. Смайликтер арқылы. Күтілетін нәтиже: қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге үйренеді.		
--	---	--	--	--

Келісемін 
Бөбекжай әдіскері

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 20.11.-24.11.2023


Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы Тіл ұстарту жаттығуын қайталайды	«Болашақ» ересек тобы Ертегіні ретімен айтып береді.		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: үй құстары туралы әңгімелеу Ата-аналарға: үй құстарына қамқорлық жасауға баулу.	Тәрбиешілерге: сиырдан алынатын өнімдер туралы айту Ата-аналарға: сиырдан алынатын өнімдер туралы айту.		

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары

Дүйсенбі – 20.11.2023	Сейсенбі – 21.11.2023 ««Еркем-ай» ортаңғы тобы	Сәрсенбі – 22.11.2023 «Болашақ» ересек тобы	Бейсенбі – 23.11.2023	Жұма – 24.11.2023
	Тақырыбы: «Үй құстары» 1.Сәлемдесу. Достар, бері келіндер, Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніндер. 2. Әңгімелесу. «Үй құстары» атты сурет бойынша. Суретке қарап, үй құстарын ата. Олар не үшін үй құстары деп аталады? Суда неше үйрек жүзіп жүр? Балапандардың түсі қандай? Неше балапан бар? 3.Дидактикалық тапсырма «жұмыртқаны сыз» суреттегі	Тақырыбы: «Түлкі мен тырна» 1.Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Шақырамын сендерді, Жолдастарым, кел бері. Толтырайық шаттыққа, Дөңгеленген шеңберді. 2. Әңгімелесу. «Түлкі мн тырна» ертегісінің мультфильмін тамашалайды. Балалар ертегі не туралы екен? Ертегі қандай жануар мен құс туралы екен? Бірінші қайсысы қонаққа шақырды? Түлкі тырнаға не берді? Ертегі қалай аяқталды? 3.Қолғап теарты. Ертегі кейіпкерлерінің қолғаптарын қолдарына киіп сахналайды. Әр		

	жұмыртқаларды қарандашпен сызып, санайды. Пішінін айтады. 4. Қимылды ойын: «Жұмыртқа жинайық» Өртүрлі түсті қорапқа түсіне сай жұмыртқаларды салып, жинайды. 5. Жаттап алайық! Қаз, тауықтар, үйректер- Үйдің құсы біліңдер. Жемін шашып, су беріп. Өсіріңдер, күтіңдер. Тіл ұстарту жаттығуы. Аз-аз-аз, Жайылады қаз. Уық-уық-уық, Қыт-қыттайды тауық. Қорытынды: «Біз не білдік?» Сұрағына жауап алынады. Күтілетін нәтиже: зат есім мен сан есімнен жасалған сөз тіркестерін құрастырады.	кейіпкерге тән сөздерін өз ойларымен түсінгені бойынша сомдайды. 4. «Ренжістік-достастық» ойыны. Балалар шеңберге тұрып, мұғалім достастық деген кезде жанында тұрған балалар бір-бірлерін құшақтайды, ренжістік деген кезде теріс қарап ренжіп тұрғандай қимыл жасайды. 5. «Соңғы дыбысты тап» Балалар мұғалім айтқан сөздің соңғы дабасын айтады және бірге қайталайды. Дауысты дыбыс созылып айтылады, дауыссыз дыбыс нақты, күшпен айтылады. Түлкііііі, тырнаааа, ботқааа, көжееее, досс Тіл ұстарту жаттығуы: Кі-кі-кі Айлакер қу түлкі. Қорытынды: «Біз не үйрендік?» сұрағына жауап алынады. Смайликтер арқылы. Күтілетін нәтиже: фонематикалық естуді дамытады.		
--	--	--	--	--

Келісемінн 
Бөбекжай әдіскері

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 27.11.-01.12.2023

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы Санамақты жатқа айтады.	«Болашақ» ересек тобы Ертегіні түсінгені бойынша айтып береді		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: түрлі тақырыптағы санамақтар жаттату Ата-аналарға: ыдыстардың атауларын қазақ тілінде айтуға үйрету	Тәрбиешілерге: сөздерді септеп айтуға үйрету Ата-аналарға: жануырлар туралы ертегілер оқу		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 27.11.2023	Сейсенбі – 28.11.2023 «Еркем-ай» ортаңғы тобы		Сәрсенбі – 29.11.2023 «Болашақ» ересек тобы	Бейсенбі – 30.11.2023	Жұма – 01.12.2023
	Тақырыбы: «Ыдыстар» 1. Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Достар, бері келіндер, Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер. 2. Өңгімелесу. «Ыдыстар» атты сурет бойынша. Балалар, сендер үйде аналарыңа көмектесесіңдер ме? Өздеріңе таныс ыдыстарды атаңдар. Ыдыстардың түсі қандай? Суретте неше шәйнек бар? Қасық не үшін керек? Кесе не үшін керек?		Тақырыбы: «Аю мен қояндар » ертегісі 1. Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Шақырамын сендерді, Жолдастарым, кел бері. Толтырайық шаттыққа, Дөңгеленген шеңберді. 2. Өңгімелесу. «Аю мен қояндар» ертегісіннің аудиожазбасын тыңдайды. Ертегіде қандай жануарлар кездеседі? Аю қояндарға не істеді? Аюдың әрекеті дұрыс па? Қояндар аюдың ашуына қалай тиді? 3. Дидактикалық тапсырма: «Аюға көмектесейік» аю өзінің үңгіріне жету үшін түрлі жолдармен жүру керек. Жолды		

	3. «Әжемнің кесесі» тапсырма. Парақтағы өрнекті кесені бояйды. 4. Қимылды ойын. «Мен айтамын, сен көрсет» Мұғалім ыдыстарды атайды, ал балалар алдарында тұрған ойыншық ыдысты жоғары көтереді. 5. Санамақ жаттайық. Мен беремін бір кесе, Сен бересің бір кесе, Ол береді бір кесе, Бәрін қойсақ үстелге, Болады екен неше кесе. Тіл ұстарту жаттығуы. Ық-ық-ық, Ас ішетін қасық. Нек-нек-нек, Шай қайнататын шәйнек. Қорытынды: «Біз не білдік?» Сұрағына жауап алынады. Күтілетін нәтиже: баланың сөздік қорын дамытуда санамақтар жаттауды үйренеді.	қарандашпен бастырып сызады. 4. «Ертегіні жалғастыр» ойыны. Цилиндрді айналдырған кезде қай жерге тоқтаса, сол жерден бастап ертегіні жалғастырып айтып береді. 5. «Аю» сөзін септеп айтады. Бұл не? - аю Бұл ненің баласы? - аюдың қонжығы Қояндар қандай жануарға ренжіді? - аюға Қояндар нені алдады? - аюды алдады Аюда не бар екен? Аюда бал бар екен Қояндар неден сұрады? - аюдан сұрады Қояндар немен достасты? - аюмен достасты Қорытынды: «Біз не үйрендік?» сұрағына жауап алынады. Смайликтер арқылы.Күтілетін нәтиже: сөздерді септеп қолдана біледі. (аю сөзі)		
--	--	---	--	--

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 04.12.-08.12.2023

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы Қандай көлік түрін ұнататынын айтады.	«Болашақ» ересек тобы Үй құстары мен дала құстарын ажыратып айтады.		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: көліктердің түрлері туралы әңгімелеу Ата-аналарға: көлік атауларын күнделікті ауызекі сөйлеуде қазақша атауларымен айту.	Тәрбиешілерге: құстардың ерекшеліктері туралы әңгімелеу Ата-аналарға: құстарға қамқор болуға баулу.		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 04.12.2023	Сейсенбі – 05.12.2023 «Еркем-ай» ортаңғы тобы	Сәрсенбі – 06.12.2023 «Болашақ» ересек тобы	Бейсенбі – 07.12.2023	Жұма – 08.12.2023	
	Тақырыбы: «Көліктер» 1.Сәлемдесу. Ашық менің жүрегім, Ылғи күліп жүремін. Бірге ойнап, бір жүрген, Достарым көп, білемін. 2. Әңгімелесу. «Көліктер» атты сурет бойынша әңгімелеседі. Сұрақ-жауап. Көлік деген не? Балалар, сендер қандай көлік түрлерін білесіңдер? Балабақшаға қандай көлік түрімен келесіңдер? Әуеде	Тақырыбы: «Құстар әлемі» 1.Сәлемдесу. Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге. Қол ұстасып келдік біз. Жан достармыз енді біз. 2. Әңгімелесу. «Құстар әлемі» атты сурет бойынша. Мұғалім балалардың назарын суретке аударып, әңгімелеседі. Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Қыста ауа райы қандай болады? Қыс мезгілінің айларын атап беріңдерші? Балалар, қандай			

	ұшатын көліктерге не жатады? Суда қандай көліктер жүзе алады? Жерде жүретін қандай көліктерді білеміз? 3.Дидактикалық тапсырма. «Қай көлік қайда жүреді?» Жеңіл көлік, автобус, велосипед, самокат, бесік арба, пойыз, тікұшақ, ұшақ, кемеңіз суреттерін өз орындарына қояды. 4. Қимылды ойын: «Өз гаражыңды тап» Машинаның рөлін ұстап, әуен тоқтағанда рөлінің түсіне сай гаражын тауып, кіреді. 5. Жұмбақ шешейік! Тізбектелген көп үйлер, Көшіа жүрген көк үйлер. (пойыз) Қос күрекпен еседі, Су көлігі деседі. (қайық) Қорытынды: «Біз не білдік?» Сұрағына жауап алынады. Күтілетін нәтиже: Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттарын өздігінен қолдана алады.	құстарды білесіңдер? Үй құстары мен дала құстарын ажырата білеміз бе? Жұмбақ шешейік! Айта аламын бпақырып, Құсым сенің әніңді. Ерте тұрып шақырып, Оятасың ауылды. (Әтеш) Орманда жоғары, Ағашқа қонады. Тұмсығын балға қып, Тоқ-тоқ соғады. (тоқылдақ) 3.Дидактикалық тапсырма: «Қай құс қайда?» дала құстары мен үй құстарын ажыратады. Үй құстарын үйдің ауласына, дала құстарын тоғайға сызықпен қосады. 4. Сергіту сәті: . «Шөп, шөп, шөжелерім» әуеннің ырғағымен билейді. 5. Тіл ұстарту жаттығуы Ғай- ғай-ғай, Жем шоқиды торғай. Қорытынды: «Біз не үйрендік?» сұрағына жауап алынады. Смайликтер арқылы. Күтілетін нәтиже: құстардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастырады.		
--	---	---	--	--

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 11.12.-15.12.2023

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы Мемлекеттік рәміздерді айтып береді.	«Болашақ» ересек тобы Мемлекеттік рәміздерді толық айтып, қайдалайды. Ту мен елтаңбаның суреттерін сипаттап береді.		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты дамытуға арналған жаттығулар қайталату. Ата-аналарға: Сұраққа толық жауап беруге үйрету	Тәрбиешілерге: Ұжымдық әңгімеге қатысуға үйрету Ата-аналарға: Сұраққа толық жауап беруге, өзіне қойылған сұрақты мұқият тыңдай ілуге баулу		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 11.12.2023	Сейсенбі – 12.12.2023		Сәрсенбі – 13.12.2023	Бейсенбі – 14.12.2023	Жұма – 15.12.2023
	Тақырыбы: «Менің Отаным» 1.Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Арайлап таң атты! Алтын сәуле таратты! Жарқырайды даламыз! Жайнай түссін қаламыз! 2. Әңгімелесу. «Мемлекеттік рәміздер» атты сурет бойынша.		Тақырыбы: «Менің Отаным» 1.Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Армысың, алтын күн! Армысың кең далам. Армысың, жан досым! Жылуыма жылу қос, Міне, менің қолым бос 2. Әңгімелесу. «Менің Қазақстаным»		

	- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? - Біздің Отанымыз қалай аталады? - Мемлекеттік рәміздерді атап беріндерші. - Тудың түсі қандай? - Елтаңбада не бейнеленген? Отан туралы тақпақ жаттап алайық. Сен сыйладың таң нұрын, Күннің күміс шапағын. Еркін күнім – тағдырым, Рахмет саған – Отаным! 3.Артикуляциялық жаттығу. «Ту» сөзі Ту сөзін созып айтып, соңында и дыбысын қосып айтады. «Туууууиинии, туууууиинии» 4. «Сергіту сәті» Төскейден жел еседі, Төбемнен бұлт көшеді. Туған жерім мен үшін, Көк майсасын төседі. 5. Отан туралы мақал-мәтелдер жаттап жүрейік! Отан – оттан да ыстық. Отансыз адам – Ормансыз бұлбұл. Қорытынды: «Біз не білдік?» Сұрағына жауап алынады. Күтілетін нәтиже: Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты дамытады.	атты сурет бойынша. Мұғалім балалардың назарын суретке аударып, әңгімелеседі. -Балалар біз қандай республикада тұрамыз? -Мемлекеттік рәміздерді атаңдаршы. -Ту мен елтаңбада ненің суреттері бейнеленген? 3.Дидактикалық ойын: «Туды құрастыр» Мұғалім балалардың алдына ту мен оның бөліктерін үлестіріп береді. Балалар тудың жетіспей тұрған бөліктерін толықтырып жабыстырады. (күн, күннің нұры) 4.Сергіту сәті: Әппақ болып таң атты, Түтін тіке шығады. Қыран бүркіт қанатын, Самғап биік ұшады. Топ-топ,топ басайық, Жалаудан күн жасайық. Жаса,жаса алтын күн Жаса,жаса жарқын күн. 5. «Көрікті Астана» Астананың көрікті ғимараттардың бөліктерін сәйкестендіреді. (бәйтерек, ханшатыр, пирамида, шыны шар) Қорытынды: «Біз не үйрендік?» сұрағына жауап алынады. Смайликтер арқылы. Күтілетін нәтиже: анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.		
--	---	---	--	--

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы
Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы
Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары
Балалардың жасы: 3,4
Жоспардың құрылу кезеңі: 19.12.-22.12.2023
Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы Аққаланы сипаттап береді.	«Болашақ» ересек тобы Қыс мезгіліне тән ауа райын айтады.		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажыратып қайталату Ата-аналарға: Баламен күнделікті қарапайым сөздерді қайталау. Жай сөзлемдер құру	Тәрбиешілерге: етістіктің болымсыз түрін қолдана білуге үйрету Ата-аналарға: Баланың қойған сұрағына мән беріп тыңдау және шынайы жауап беру.		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 18.12.2023	Сейсенбі – 19.12.2023 «Еркем-ай» ортаңғы тобы	Сәрсенбі – 20.12.2023 «Болашақ» ересек тобы	Бейсенбі – 21.12.2023	Жұма – 22.12.2023	
	Тақырыбы: «Көңілді қыс» 1.Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Достарымның барлығын, Сыйлап, жақсы көремін. Алақаным арқылы Жылуымды беремін. 2.Әңгімелесу. Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Суреттегі балалар не істеп жатыр? Балалар аққаланы неден жасады? Аққаланың түсі қандай?	Тақырыбы: «Көңілді қыс» 1.Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Шақырамын сендерді, Жолдастарым кел бері. Толтырайық шаттыққа, Дөңгеленген шеңберді. 2.Әңгімелесу. «Қыс қызығы» атты сурет бойынша. Мұғалім балалардың назарын суретке аударып, әңгімелеседі. Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Қар қандай?			

	Балалар енді сендерге жұмбақ жасырайын. Қыста ғана жауады, Ұстасаң қолың тоңады. (қар) 3. «Артығын тап» суретте қыс мезгіліне тән суреттердің ішінен артығын тауып қоршайды. (қолғап, мойынорағыш, шырша, қолшатыр, аққала, шана, гүл, қар, көбелек) «Аққала жасаймыз» ойыны. Балалар үлестірілген ақ қағазды қар ретінде пайдаланып умаждайды, алақанымен нығыздайды. Одан кейін оны жерге домалатады. Осылай үш рет қайталайды. 1.Балалар аққала.....(Жасады,жасап ойнады) 2.Қар жапалақтап(Жауып тұр,жауады) Қорытынды: көңілді және көңілсіз смайликті көрсету арқылы сабақтағы көңіл-күйін жеткізеді. Күтілетін нәтиже: ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгереді.	Ал мүзше? Қыс қандай болады? Балалар енді жұмбақ шешіп көрейікші. Қолы жоқ сурет салады, Тісі жоқ тістеп алады. (аяз) Көлдің беті көк әйнек, Сырғанауға тым әйбат! (мүз) 3.«Сөйлемді аяқта» суретке қарап, сөйлемді аяқтайды. 1.Жазда аққала.....(Жасайды,жасамайды) 2.Қыста жаңбыр(жауады, жаумайды.) 3. Жапырақтар қыста (сарғаяды, сарғаймайды) 4.«Аққала жасаймыз» ойыны. Балалар үлестірілген ақ қағазды қар ретінде пайдаланып умаждайды, алақанымен нығыздайды. Одан кейін оны жерге домалатады. Осылай үш рет қайталайды. 5. Тіл ұстарту жаттығуын қайталайық. Ыс-ыс-ыс Яз-яз-яз Сарқылдаған аяз. Ар-ар-ар Жауады қар. Қорытынды: көңілді және көңілсіз смайликті көрсету арқылы сабақтағы көңіл-күйін жеткізеді. Күтілетін нәтиже: етістіктің болымсыз түрін қолдана білуге үйренеді.		
--	---	---	--	--

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 25.12.-29.12.2023

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы Мұғаліммен бірге жаңылтпашты қайталайды	«Болашақ» ересек тобы Шыршаның ойыншықтарын толықтырып салады		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: Дыбыстық жаттығуларды көбірек қайталау Ата-аналарға: Дыбыстарды анық айтқызу	Тәрбиешілерге: Анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Ата-аналарға: Берілген тапсырманы жауаптылықпен орындауға үйрету.		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 25.12.2023	Сейсенбі – 26.12.2023 «Еркем-ай» ортаңғы тобы		Сәрсенбі – 27.12.2023	Бейсенбі – 28.12.2023	Жұма – 29.12.2023
	Тақырыбы: «Жаңа жыл келді!» 1.Сәлемдесу. Шаттық шеңбері. Достарымның барлығын, Сыйлап, жақсы көремін. Алақаным арқылы Жылуымды беремін. 2.Әңгімелесу. «Жаңа жыл» суреті бойыншы. Суретте кімдер бар? Олар нені тойлап жатыр? Жаңа жылда аяз атадан қандай сыйлық		Тақырыбы: «Жаңа жылдық шырша» 1.Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Шақырамын сендерді, Жолдастарым кел бері. Толтырайық шаттыққа, Дөңгеленген шеңберді. 2.Әңгімелесу. «Жаңа жыл мерекесі» суреті бойынша. Жаңа жыл мерекесі қай мезгілде болады?Жаңа жылда қонаққа кімдер		

	алғың келеді? Жаңа жаңылтпаш жаттайық! Тұз – мұздай, Мұз – тұздай. Балалар жаңылтпашты жай, жылдам қайталайды. Тұз бен мұзың суретін мұғалім кезек-кезек көрсету арқылы жаңылтпашты қайталайды 3. Дидактикалық тапсырма. Жасырынған суреттерді тауып бояйды. (шырша, шана, қолғап, аққала) 4. «Қар жинау» ойыны. Әуен тоқтағанша шелекке қарды жинап үлгеру керек. Жинай алмаса қар еріп кетеді. 5. «Аққала жасаймыз» Аққаланың жетіспей тұрған бөліктерін бояп, атайды.(мұрыны, сыпырғысы, қалпағы) Тіл ұстарту жаттығуын қайталайық. Ша – ша – ша Жап – жасыл шырша. Ар – ар – ар Қандай аппақ қар. Қорытынды: «Кімге не ұнады?» сұрағына жауап алынады. Күтілетін нәтиже: артикуляциялық және дыбыстық аппаратты дамытады	келеді? Жұмбақ шешіп көрейік! Шелек қалпақ басында, Сәбіз екен танауы. Қыста қардан туатын, Тауып көрші сен оны. (Аққала) 3.«Шыршаны безендіреміз»дидактикалық тапсырма. Шыршаны безендіру үшін ойыншықтардың суретін сал. 4. Сергіту сәті. Аспан болсын көгілдір, Жайнай берсін бұл өмір. Ақ мамық қар жауып, Біз аққала жасаймыз. 5. Балалар таныс және жаңа сөздерді қайталайды. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Қ-қ- қ — қа – қар. Қ-қ-қ-қ -нақ-нақ – сырғанақ. Ш-ш-ш-шыр-шыр-шырша. Қорытынды: «Кімге не ұнады?» сұрағына жауап алынады. Күтілетін нәтиже: табиғат құбылыстарының атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастырады.		
--	--	---	--	--

Келісемінн 
Бөбекжай әдіскері

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 01.01.-05.01.2024

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс			«Болашақ» ересек тобы Қыс мезгіліне байланысты сұрақтарға жауап береді.		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы			Тәрбиешілерге: қойылған сұрақтың сипатына сәйкес хабарлы сөйлемдермен жауап беруге үйрету. Ата-аналарға: өз ойын толық жеткізе білуге мүмкіндік беру.		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 01.01.2024	Сейсенбі – 02.01.2024		Сәрсенбі – 03.01.2024 «Болашақ» ересек тобы	Бейсенбі – 04.01.2024	Жұма – 05.01.2024
			Тақырыбы: «Қыс қызығы» 1.Сәлемдесу Жылулық шеңбері. Қайырлы таң, көк аспан, Қайырлы таң, жер ана. Қайырлы таң, достарым, Қайырлы таң, баршаға! 2.Әңгімелесу. «Қыс қызығы» суреті бойынша. Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілі сендерге несімен ұнайды? 3. Дидактикалық тапсырма. «Ұлпақар»		

		парақтағы пішіндері ұқсас ұлпақарларды сызықпен қосады. 4.Қимылды ойын: «Орныңды тап» орындықтарға түрлі суреттер жабыстырылған. Мұғалім екі баладан шығарып, бір дыбысты айтқанда балалар тез сол дыбыстан басталатын сурет жабыстырылған орындыққа бірінші болып отыруы керек. 5. «Сұрақ-жауап» ойыны. Мұғалімнің сұрағына суреттер арқылы хабарлы сөйлеммен жауап береді. 1.Қыс мезгілінде не жауады? 2.Қыста қандай ойындар ойнауға болады? 3. Қардан не жасаймыз? Қорытынды: «Менің көңіл-күйім» көңілді және көңілсіз смайликтердің өзіне ұнағанын қоршайды. Күтілетін нәтиже: қарым-қатынас барысында қойылған сұрақтардың сипатына қарай хабарлы сөйлемдермен жауап бере алады.		
--	--	---	--	--

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы
Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы
Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары
Балалардың жасы: 3,4
Жоспардың құрылу кезеңі: 08.01.-12.01.2024
Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы Тіл ұстарту жаттығуын қайталап айтып береді	«Болашақ» ересек тобы Шананың бөлшектерін дұрыс құрастырады.		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: жануарлардың атауларын дұрыс айтуға үйрету. Ата-аналарға: жабайы жануарлар туралы ертегі оқып беру.	Тәрбиешілерге: сөздерді жіктеп үйрету. Ата-аналарға: таза ауада баламен серуендеу		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 08.01.2024	Сейсенбі – 09.01.2024 «Еркем-ай» ортаңғы тобы		Сәрсенбі – 10.01.2024 «Болашақ» ересек тобы	Бейсенбі – 11.01.2024	Жұма – 12.01.2024
	Тақырыбы: «Жануарлар әлемі» 1.Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Күнім күліп арайлы, Тереземнен қарайды. Достарыммен шеңберге, Тұрғанымды қалайды. 2. Әңгімелесу. «Жабайы жануарлар» атты сурет бойынша. Балалар сендер қандай жануарларды білесіңдер? Тағы қандай жануарлар бар?Олар қайда өмір		Тақырыбы: «Менің шанам» 1.Сәлемдесу . Жылулық шеңбері. Достар, бері келіндер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер. 2. Әңгімелесу. «Сырғанақ» атты сурет бойынша. Мұғалім балалардың назарын суретке аударып, әңгімелеседі. Балалар, сендер шанамен сырғанағанды		

	сүреді? Қоян түлкіден үлкен бе, әлде түлкі үлкен бе? Түлкі аюдан үлкен бе, әлде аю үлкен бе? 3.Дидактикалық тапсырма. «Құйрығын тап» балалар жануарлардың құйрығын тиісті жануарға қыстырғыш арқылы қыстырады. 4. Қимылды ойын: «Қасқыр мен қақпан» балалар үш топқа бөлінеді қасқырлар, қойлар, қақпан. Қасқырлар мен қойлар қарама қарсы бетте тұрады, ал қақпан болатын балалар ортаға тұрады. Қасқырлар қойларға жету үшін қақпанды бұзып өту керек, өте алмаса сол топта қалып қояды, егер өтсе өзімен бір қойды ертіп кетеді. Қарқыс түссе қораға, Ұстамаса бола ма? Қол ұстасып тұрайық, Қасқырға қақпан құрайық. Қане қақпан берік бол, Қасқырды тұр жолатпай, Қасқыр, қасқыр келіп көр. 5. Ойын: «Не жасырынды?» Жабайы жануарлардың суреттерішыршаның артына жасырылған. Не тығылғанын балалар табады. Тіл ұстарту жаттығуы: Ю-ю-ю, Қорбаңдайды аю. Ыр-ыр-ыр Бұл көкжал қасқыр. Қорытынды: «Біз не білдік?» Сұрағына жауап алынады. Күтілетін нәтиже: жануарлардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастырады.	ұнатасыңдар ма? Шанамен қай жыл мезгілінде ойнауға болады? Суреттегі балалар не істеп жүр? Онда неше бала бар? 3.Дидактикалық ойын: «Шана» сөзін мұғаліммен бірге жіктеп айтады. Менің шанам Сенің шанаң Оның шанасы Сіздің шанаңыз Олардың шанасы 4.Қимылды ойын: «Орныңды тап» орындықтарға түрлі суреттер жабыстырылған. Мұғалім екі баладан шығарып, бір дыбысты айтқанда балалар тез сол дыбыстан басталатын сурет жабыстырылған орындыққа бірінші болып отыруы керек. 5. «Менің шанам» қағаздан қиылған шананың бөлшектерін құрастырады. Тіл ұстарту жаттығуы. На-на-на, Зулайды шана. Қорытынды: «Маған не қызық болды?» сұрағына жауап алынады. Күтілетін нәтиже: айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылайды.		
--	--	---	--	--

Келісемінн 
Бөбекжай әдіскері

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 15.01.-19.01.2024

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы Үй жануарларына қандай жануарлар кіретінін айтып береді	«Болашақ» ересек тобы . Тұрмыстық заттардың қазақша атауларын дұрыс айтып береді.		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: үй жануарлары туралы ертегілер оқу. Ата-аналарға: үй жануарларына қамқорлық жасауға үйрету	Тәрбиешілерге: тұрмыстық заттар мен техникалардың қазақша атауын атайды. Ата-аналарға: тұрмыстық заттарды дұрыс қолдануды үйрету.		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 15.01.2024	Сейсенбі – 16.01.2024 «Еркем-ай» ортаңғы тобы		Сәрсенбі – 17.01.2024 «Болашақ» ересек тобы	Бейсенбі – 18.01.2024	Жұма – 19.01.2024
	Тақырыбы: «Төрт түлігім - ырысым» 1.Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Күнім күліп арайлы, Тереземнен қарайды. Достарыммен шеңберге, Тұрғанымды қалайды. 2. Өңгімелесу. «Үй жануарлары» атты сурет бойынша. Суреттегі жануарларды ата. Қандай үй жануарларын білеміз? Суреттергі үйшік қай жануарға арналған?(ит) 3.Артикуляциялық жаттығу.		Тақырыбы: «Тұрмыстық заттар» 1.Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Армысың, алтын күн! Армысың кең далам. Армысың, жан досым! Жылуыма жылу қос, Міне, менің қолым бос 2. Өңгімелесу. «Тұрмыстық заттар» атты сурет бойынша. Мұғалім балалардың назарын суретке аударып, әңгімелеседі. Бөлмедегі заттарды ата. Үйде не бар?		

	Ә-ә-ә- , мә-мә-мә Ү-ү-ү, үміт – үміт – үміт. 4. Сергіту сәті. «Аттар» Топ-топ түсіп төрт тұяқ Шоқырақтап шап атым. Құйрық-жалың сусылдап, Үш оғындай садақтың. Өзен кешіп, тау кешіп, Шабысыңнан танба сен, Дүрсілдетіп дүниені ытқып-ытқып заула сен. 5. Дидактикалық ойын. «Сөйлемді аяқта» сурет арқылы сөйлемді толықтырады. Жылқы үлкен, ал ит пен мысық ... Қар ақ түсті, ал шырша ... Торғай біреу, ал жануарлар ... Қорытынды: «Біз не білдік?» Сұрағына жауап алынады. Күтілетін нәтиже:балаларға алдын-ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе біледі.	Олар не үшін керек? Қайсысы қандай қызмет атқарады? 3.Дидактикалық ойын: Электр құралдарының қайсысы тоққа жалғанып тұрғанын көрсет? Үйден шығып бара жатып , электр құралдарының тоққа жалғанып тұрғанын тексеруге көмектес. Суреттен тоққа жалғанып тұрған тұрмыстық затты жалғағыштары арқылы тауып, бояйды. 4.Сергіту сәті: «Фиксики» әуенмен фиксики биін билейді. 5. Жаңа сөздермен жұмыс: тоңазытқыш, шаңсорғыш, үтік, шаш кептіргіш, желдеткіш. Тұрмыстық заттардың қазақша атауын дұрыс айтады. Суретпен сәйкестендіреді. Қорытынды: «Біз не үйрендік?» сұрағына жауап алынады. Смайликтер арқылы. Күтілетін нәтиже: Қоршаған ортадағы заттар мен олардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастырады.		
--	--	--	--	--

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 22.01.-26.01.2024

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы Ертегіде қандай кейіпкерлер кездескенін айтады.	«Болашақ» ересек тобы Тіл ұстарту жаттығуын қайталайды.		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: «Төлдер айтысы» ертегісін қайталап тыңдау. Ата-аналарға: төрт түлік мал мен төлдері атауларын айту тәне түсіну дағдыларын қалыптастыру	Тәрбиешілерге: қаламызды ластамауға, қоқыстарды шашпауға үйрету. Ата-аналарға: қоршаған ортадан тыс заттар туралы әңгімелеу		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 22.01.2024	Сейсенбі – 23.01.2024 «Еркем-ай» ортаңғы тобы		Сәрсенбі – 24.01.2024 «Болашақ» ересек тобы		Бейсенбі – 25.01.2024
	Тақырыбы: «Төлдердің айтысы» ертегісі 1. Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Күнім күліп арайлы, Тереземнен қарайды. Достарыммен шеңберге, Тұрғанымды қалайды. 2. Әңгімелесу. «Төрт түлік» атты сурет бойынша. «Төлдердің айтысы» ертесісін аудиодан тыңдайды.		Тақырыбы: «Менің қалам» 1. Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Достар, бері келіндер, Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен енінדר. 2. Әңгімелесу. «Әсем қалам» атты сурет бойынша. Мұғалім балалардың назарын суретке аударып, әңгімелеседі. Балалар, біз қандай қалада тұрамыз? Біздің қаламызда не бар? Қандай әсем жерлерді		

	Балалар, төрт түлік малға не жатады? Олардың төлдерін айтып беріңдерші? Біз тыңдаған ертегі не туралы? Қай түліктік адамға қандай пайдасы бар екен? Жұмбақ шешейік! Кезікті бір жануар, Үстінде екі тауы бар.(түйе) 3.Артикуляциялық жаттығу. «Төлдердің дыбысы» Мә-ә-ә-ә-ә – лақ Ме-е-е-е-е – қозы Мө-ө-ө-ө-ө – бұзау 4. Сергіту сәті. Жазда атамның ауылына, Барып едім қыдырып. Бір қошақан алдымнан, Шауып шықты жүгіріп. Ақ мандайлы ай мекен? Шекер ме екен бал ме екен? Кеттім оны сағынып қошақаным қайда екен? 5. «Төлдерін тап» дидактикалық ойыны. Топта шашылып жатқан төрт түлік мал мен төлдерін тез тауып алып, бір жерге жинайды. Қойдың төлі не? ... Ешкінің төлі не? ... Сиырдың төлі не? ... Жылқының төлі не? ... Түйенің төлі не? ... Қорытынды: «Біз не білдік?» Сұрағына жауап алынады. Күтілетін нәтиже: сөз тіркестерін құрастыра алады.	білеміз? Біздің қаламыз қандай? Еліміздің астанасы қандай қала? 3.Дидактикалық ойын: «Орал қаласына саяхат» Қаланың суретіне Орал қаласының әдемі ғимараттарының суретін жабыстырады. Оның қандай ғимарат екенін айтады. 4.Сергіту сәті: Көгінде күн нұрын төккен, Жерінде гүл жұпар сепкен. Неткен сұлу,неткен көркем, Осы менің туған өлкем! 5. Тіл ұстарту жаттығуы -Ік- ік- ік - үй биік - Қа-қа-қа – таза қала Қорытынды: «Біз не үйрендік?» сұрағына жауап алынады. Смайликтер арқылы. Күтілетін нәтиже: Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар туралы ақпараттар алады және оларды талқылайды.		
--	--	--	--	--

Келісемін 
Бөбекжай әдіскері

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 29.01.-02.02.2024

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы Жаңылтпашты қайталап, анық айтады	«Болашақ» ересек тобы Жаңылтпашты дұрыс, анық айтып қайталайды		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру Ата-аналарға: жылқы малының қасиеті туралы әңгімелеу	Тәрбиешілерге: қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтың сипатына қарай хабарлы сөйлеммен жауап беруге баулу. Ата-аналарға: көліктердің түрлері туралы әңгімелеу		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 29.01.2024	Сейсенбі – 30.01.2024 «Еркем-ай» ортаңғы тобы		Сәрсенбі – 31.01.2024 «Болашақ» ересек тобы	Бейсенбі – 01.02.2024	Жұма – 02.02.2024
	Тақырыбы: «Жылқы» 1. Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Күнім күліп арайлы, Тереземнен қарайды. Достарыммен шеңберге, Тұрғанымды қалайды. 2. Әңгімелесу. «Жылқы» атты сурет бойынша. Жылқының төлі не? Балалар жылқының адамға қандай пайдасы бар? Жылқының сүтінен қандай сусын жасайды? 3. Дидактикалық тапсырма.		Тақырыбы: «Көңілді көліктер» 1. Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Достар, бері келіндер, Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер. 2. Әңгімелесу. «Көңілді көліктер» атты сурет бойынша. Мұғалім балалардың назарын суретке аударып, әңгімелеседі. Көлік деген не? Олар адамға не үшін қажет? Қандай көлік түрлерін		

	Жылқының пайдасы мен одан алынатын өнімдерді басқа түліктердің өнімдерінен ажыратып сызықпен көрсетеді. 4. Сергіту сәті. Топ-топ түсіп төрт тұяқ, Шоқырақтап шап атым. Құйрық-жалың сусылдап, Үш оғындай садақтың. Өзен кешіп, тау асып, Шабысыңнан танба сен. Дүрсілдетіп дүниені, Ытқып-ытқып заула сен. 5. «Жаңылтпаштан жаңылма» Пай-пай-пай, Жайылып жүр тай. Ай-ай-ай, Ұшып кетті торғай. Қорытынды: «Біз не білдік?» Сұрағына жауап алынады. Күтілетін нәтиже: төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастырады.	білесіңдер? Сендер балабақшаға қандай көлік түрімен келесіңдер? 3. Дидактикалық ойын: «Қандай көлікпен келдің?» Дөңгелекті айналдырғанда тілшесі қай баланың атына түссе, сол бала тақтадағы өзінің суреті тұрған қалташадан көліктің суретін алып хабарлы сөйлем құрайды. Мен балабақшаға велосипедпен келдім. Мен балабақшаға автобуспен келдім. ... 4. Сергіту сәті: Қане, кімнің бойы ұзын? Паравозы ол пойыздың. Қатар-қатар тұрайық, Пойызды біз құрайық. Ал, паравоз, баста алға, Бәрімізді басқар да Пш-пш, пш-пш, біз кеттік, Жүрісті тым үдеттік. Гу-гу, гу-гу, гуілде, Қалып қойма бәрің де, Пш-пш, пш-пш, біз кеттік, Жүрісті тым үдеттік. 5. «Жаңылтпаштан жаңылма!» Батырға қай көлік сай көлік? Батырға сайгүлік сай көлік. Қорытынды: «Біз не үйрендік?» сұрағына жауап алынады. Смайликтер арқылы. Күтілетін нәтиже: қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы сөйлемдермен жауап береді.		
--	--	---	--	--

Келісемін

Бөбекжай әдіскері

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 05.02.-09.02.2024

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы Төлдерді түстеріне қарай сәйкестендіреді	«Болашақ» ересек тобы Төрт түлік мал туралы жаңылтпаш айтады		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: зат есім мен сын есімнен жасалған сөз тіркестерін құрастыруға үйрету Ата-аналарға: баланы төлдерге теңеп еркелету себебін түсіндіру	Тәрбиешілерге: төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру. Ата-аналарға: төрт түлік малды бағатын адамдарға еңбегін бағалауға, ұғындыруға үйрету		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 05.02.2024	Сейсенбі – 06.02.2024 «Еркем-ай» ортаңғы тобы		Сәрсенбі – 07.02.2024 «Болашақ» ересек тобы	Бейсенбі – 08.02.2024	Жұма – 09.02.2024
	Тақырыбы: «Сүйкімді төлдер» 1.Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Арайлап таң атты! Алтын сәуле таратты! Жарқырайды даламыз! Жайнай түссін қаламыз! 2. Әңгімелесу. «Сүйкімді төлдер» атты сурет бойынша. Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Төрт түлік малдың төлдерін атап беріндерші.		Тақырыбы: «Төрт түлік мал» 1.Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. «Достық» деген бәйтеректі, Барлық бала саяласын. 2. Әңгімелесу. «Төрт түлік мал» атты сурет бойынша. Мұғалім балалардың назарын суретке аударып, әңгімелеседі. 3.Дидактикалық ойын: «Сиқырлы кілемше»		

	Аналарың сендерді қалай еркелетеді? 3. «Төлдерді ата» дидактикалық ойын. Төлдерді түсіне қарай ажыратып айтады, сәйкестендіреді. Қоңыр қозы, ақ лақ, қара құлыншақ, ала бұзау. 4. Сергіту сәті. Топ-топ түсіп төрт тұяқ, Шоқырақтап шап атым. Құйрық-жалың сусылдап, Үш оғындай садақтың. Өзен кешіп, тау асып, Шабысыңнан танба сен. Дүрсілдетіп дүниені, Ытқып-ытқып заула сен. 5. Тіл ұстарту жаттығуы. Зау-зау-зау, Мөңірейді бұзау. Та-та-та, Жібек жүнді бота. Қорытынды: «Біз не білдік?» Сұрағына жауап алынады. Күтілетін нәтиже: зат есім және сын есімнен жасалған сөз тіркестерін құрастыруға үйрету. Төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастырады.	сиқырлы кілемшеде төрт түлік малдың суреттері бейнеленген, ал кілемшенің жанында сол төрт түлік малдан алынатын өнімдердің суреттері тұр. Әр түлікке тиісті өнімдерді дұрыс сәйкестендірген балалар, сол туралы мақал-мәтел, жаңылтпаш айтады. 4.Қимылды ойын: «Ханталапай» ойыны Талапай-ау, талапай, Табылды ойын, алақай. Асықты алға шашамыз, Талапайға басамыз. 5. «Жауабын айт» дидактикалық тапсырма. Қойшы нені бағады? Қойды. Жылқышы нені бағады? ... Сиыршы нені бағады?... Түйеші нені бағады? ... Қорытынды: «Біз не үйрендік?» сұрағына жауап алынады. Смайликтер арқылы. Күтілетін нәтиже: төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсінеді.		
--	---	---	--	--

Келісемін 
Бөбекжай әдіскері

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 12.02.-16.02.2024

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы Ертегіде қандай жануарлар кездесетінін айтады	«Болашақ» ересек тобы Төлдерді қалай шақыратынын дыбыстап айтады		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: балаларға ертегіні қайталап оқу Ата-аналарға: тіл ұстарту жаттығуын қайталау	Тәрбиешілерге: төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызып, пысықтау Ата-аналарға: баланы төлдерге теңеп еркелетудің себебін айту, әңгімелеу.		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 12.02.2024	Сейсенбі – 13.02.2024 «Еркем-ай» ортаңғы тобы	Сәрсенбі – 14.02.2024 «Болашақ» ересек тобы		Бейсенбі – 15.02.2024	Жұма – 16.02.2024
	Тақырыбы: Түйе туралы ертегі 1.Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде, Досым көбін білемін. 2. Әңгімелесу. Түйе туралы ертегіні көлеңке театры арқылы тамашалайды. Бұрын түйе қандай болған екен?	Тақырыбы: «Сүйкімді төлдерім» 1.Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. «Достық» деген бәйтеректі, Барлық бала саяласын. 2. Әңгімелесу. «Қалай шақырамыз» Төрт түлік малдың төлдерін атаңдаршы. Оларды қалай шақыратынын білеміз бе? Әр түлікті иелері өздеріне шақыру үшін әртүрлі дыбыспен			

	Түйе бұғыға не берді? Жылқыға не берді? Түйеде тағы не бар? 3. Дидактикалық тапсырма Ертегіде кездесетін ө дыбысынан басталатын сөздерді буынға бөліп айтады. Өр-кеш, ө-зен, өс, 4. Сергіту сәті. Маң-маң басқан, маң басқан, Шудаларын шаң басқан. Төрт аяғын тең басқан. Қара нарым бар еді. 5. «Ертегідегі түйе» түйенің суретін бояйды. Тіл ұстарту жаттығуы. Ие-ие-ие, Екі өркешті түйе. Қорытынды: «Біз не білдік?» Сұрағына жауап алынады. Күтілетін нәтиже: қазақ тіліне тән «ө» дыбысын өздігінен дұрыс айтады.	шақырады екен. Ол туралы білгілерің келеді ме? «Төрт түлік малды шақыру» бейнежазбасын тамашалайды. 3. «Қалай шақырамыз?» дидактикалық ойын: Мұғалім төлдердің суретін кезекпен көрсеткенде балалар оларды қалай шақыратынын өздері айтады. Жылқы – құрау-құрау. Түйе – көс-көс. Сиыр – аухау-аухау. Қой – пұшайт-пұшайт. Ешкі – шөре-шөре. 4. Сергіту сәті: «Лағым» әнімен билейді Жүгіреді лағым, Қылығыңмен ұнадың. Алысып ойнайсың, Қой десе қоймайсың. Кіп-кішкентай тентегім, Қылығыңа елтемін. Ақ лақ, ақ лақ, Мазалама маңырап. 5. «Адасқан төлдер» дәптермен жұмыс. Кесте бойынша енелері төлдерге жету үшін бас әріпі мен суретін сәйкестендіріп, енелеріне сызықпен қосады. Қорытынды: «Біз не үйрендік?» сұрағына жауап алынады. Смайликтер арқылы. Күтілетін нәтиже: Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалар айтады.		
--	--	---	--	--

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 19.02.-23.02.2024

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы «Мен әдепті баламын» диалог құрайды	«Болашақ» ересек тобы Сұрақтарға жауап береді		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: сыпайылықты білдіретін сөздерді жиі қолдануға үйрету Ата-аналарға: балаларды сыпайылыққа тәрбиелеу	Тәрбиешілерге: жай сөйлемдер құра білуге үйрету. Ата-аналарға: ұлттық ойындар туралы әңгімелеу.		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 19.02.2024	Сейсенбі – 20.02.2024 «Еркем-ай» ортаңғы тобы		Сәрсенбі – 21.02.2024 «Болашақ» ересек тобы	Бейсенбі – 22.02.2024	Жұма – 23.02.2024
	Тақырыбы: «Сәлем-сөздіңанасы» 1.Сәлемдесу. Сәлем саған, Алтын күн! Сәлем саған, Көк аспан! Сәлем саған, Жер Ана! Сәлем саған достарым. 2. Әңгімелесу. Сурет бойынша мұғалім балалардың назарын суретке аударып, әңгімелеседі. Балалар, үлкен кісіні көрген кезде не деп айтуымыз керек? (сәлеметсіз бе!) Досың саған ойыншығын берсе не деп айту керек? (рахмет)		Тақырыбы: Төрт түлікпен байланысты қазақтың ұлтты ойындары. 1. Сәлемдесу. 2.Әңгімелесу. Балалар, қазақтың қандай ұлттық ойындарын білеміз. Ұлттық ойындарды атаңдаршы. 3. «Қыз қуу» ойыны. Ойынға 1 қыз, 1 бала шығады. Мұғалім текшені лақтырып отырады. Текшеде қандай сан түссе қыз бен бала аттарымен сонша рет секіреді. Қай жерге келіп тоқтаса сол жердегі тапсырманы орындап,		

	Егер анаңның затын жоғалтып алсаң анаңа не деп айту керек? (кешірім сұраймын) 3.«Қалай амандасамыз?»ойыны. Балалар суреттегі адамдармен қалай амандасу керектігін айтып, ұлдар мен қыздар бөлек тұрып амандасады. Атаның әженің, әкенің, ананың,ағаның, мұғалімнің, қыздың, ұлдың, дәрігердіңсуреттері көрсетіледі. 4.«Мозайка» ойыны. Балалар суретті мозайканы құрастырып, сипаттайды. Қорытынды.«Амандасу» әдісі бойынша кері байланыс береді. ҰІӨ ұнаса көріседі, ұнаса қол бұлғайды, ұнамаса бас изейді. Күтілетін нәтиже. балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: өтінішін білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға үйренеді.	сұрақтарға жай сөйлемдермен жауап береді. 4. «Хан талапай» ойыны. 5. «Ақ сүйек» ойыны. Балалар жерге төселген сүйек бейнесіндегі жолмен кезектесіп жүріп отырып тапсырмаларды орындайды. Төрт түлік мал туралы мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар айтады. Қорытынды: « Алтын сақа» егер сабақ ұнаса балалар алтын сақаны таңдайды. Күтілетін нәтиже: үлгі бойынша жай сөйлемдер құра біледі.		
--	--	--	--	--

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 26.02.-01.03.2024

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Күн нұры», «Алтын күн» ортаңғы топтарындағы Алғыс айту туралы тақпақ жаттайды	«Болашақ» ересек тобы Төрт түліктің пайдасын жіктеп айтып береді		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға баулу Ата-аналарға: алғыс айту күнінің ерекшелігі туралы түсіндіру	Тәрбиешілерге: шығарманы жеткізуде мазмұны екпінді, мәнерлеп айтуға баулу. Ата-аналарға: төрт түліктің пайдасын әңгімелеу		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 26.02.2024	Сейсенбі – 27.02.2024 «Еркем-ай» ортаңғы тобы	Сәрсенбі – 28.02.2024 «Болашақ» ересек тобы	Бейсенбі – 29.02.2024	Жұма – 01.03.2024	
	Тақырыбы: «Алғыс айту» 1.Сәлемдесу Атаға рақмет – даналығыүшін, Әжеге рақмет – ыстықалақаны үшін, Әкеге рақмет– қорғанболғаны үшін, Анаға рақмет– өмірсыйлағаны үшін. 2. Әңгімелесу. «Алғыс күні» бейнероликкөреді. Балалар, алғыс айту деген не? Кімге алғыс айтқың келеді?	Тақырыбы: «Төрт түліктің пайдасы» 1.Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Арайлап таң атты! Алтын сәуле таратты! Жарқырайды даламыз! Жайнай түссін қаламыз! 2. Әңгімелесу. «Төрт түлік» атты бейнежазбаны тамашалайды. Төрт түлік малдан не аламыз? Адамға қандай пайдасы бар екен? 3. «Пайдасын білеміз бе?» әр түліктен алынатын өнімдердің суретін топтастырып,			

	3.«Алғыс айтайық» ойыны. Балалар кезекпен өздеріне берілген суреттергесәйкес алғыс білдіреді. Табиғатқа –жануарлары мен өсімдіктері үшін алғыс; күнге жылылығы үшін алғыс, суға-мөлдірлігі үшін,ауаға рақмет –тазалығыүшін, т.б. айтады. 4. Қимылды ойын «Рақмет саған» ойыны Тізбек бойынша бір- біріне алғыс айтып жүрек шарсыйлайды. 5.«Алғыс хат»безендіруойыны. Балалар дайын ашықхаттарды безендіріп алғыс айтқысы келетін адамның есімін педагог көмегімен жазады. Қорытынды. Балалар ҰІӨ «Ашық хат» әдісі бойынша кері байланысбереді. Күтілетін нәтиже: ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға үйренеді.	жабыстырады. Түсіндіреді. 4. Сергіту сәті. «Боташым» әніне қимыл-қозғалыстар жасайды 5. Тақпақ жаттайық. Шөре-шөре лағым. Тентек болма, шырағым. Секектеме, демінді ал, Селтендемей құлағың. Қорытынды: «Біз не білдік?» Сұрағына жауап алынады. Күтілетін нәтиже: шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтады.		
--	---	--	--	--

Келісемін 
Бөбекжай әдіскері

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары


Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 04.03.-08.03.2024

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы Суретті аяқтап бояйды	«Болашақ» ересек тобы «Болашақ» ересек тобы Мақал-мәтелдерді айтып береді		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: көктем мезгіліне байланысты тақпақтар жаттату Ата-аналарға: көктем мезгілі туралы әңгімелесу	Тәрбиешілерге: азық-түлік атауларын білдіретін сөздерді дұрыс атауға үйрету. Ата-аналарға: ұлттық тағамдары көлібек тұтыну		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 04.03.2024	Сейсенбі – 05.03.2024 «Еркем-ай» ортаңғы тобы		Сәрсенбі – 06.03.2024 «Болашақ» ересек тобы	Бейсенбі – 07.03.2024	Жұма – 08.03.2024

	Тақырыбы «Көктем мезгілі» 1.Сәлемдесу. Шаттық шеңбері. Қуанамынменде Қуанасың сенде Қуанамыз бәріміз Жарқыраған күнге. 2. Әңгімелесу. Қазір жылдың қай мезгілі? 3.«Суретті толықтыр» ойыны.Көктем мезгілінің суретінің боялмаған тұстарын сәйкес түспен бояп, сипаттайды. Тақпақ. Сұлу көктем келіп жетті, Көшелерге, орманға. Ән салады құстармен,Шақырғандай далаға. 4.«Қима қағаздар» ойыны. Қима қағаздарды дұрыс,құрап шығады. Күтілетін нәтиже: Табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдана алады	Тақырыбы: «Әжемнің базарлығы» 1.Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Арайлап таң атты! Алтын сәуле таратты! Жарқырайды даламыз! Жайнай түссін қаламыз! 2. Әңгімелесу. «Әжемнің базарлығы» атты сурет бойынша. Балалар ұлттық тағамдарды білесіңдер ме? Ұлттық тағамдардан нені жақсы көресіңдер? Суретке қарап атайды. 3. Дидактикалық тапсырма: Суреттен ұлттық тағамдарды тап. Оларды үстел үстіне сызып көрсет. Сен не жедің? Не іштің? 4. Сергіту сәті. «Қуыр-қуыр қуырмаш» қимылдар жасайды. 5. Мақал-мәтелді жаттап ал. Ас адамның арқауы. Сыйлап берсе, суын іш. Қорытынды: «Біз не білдік?» Сұрағына жауап алынады. Күтілетін нәтиже: үлгі бойынша жайылма сөйлемдер құра білуге үйренеді.		
--	---	--	--	--

Келісемінн 
Бөбекжай әдіскері

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 11.03.-15.03.2024

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы Мақал-мәтелдерді айтады	«Болашақ» ересек тобы Көрісуде айтылатын тілектерді айтып береді.		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: азық түлік атауларын білдіретін сөздерді дұрыс айтуға үйрету Ата-аналарға: азық түлік атауларын қазақша атауға үйрету	Тәрбиешілерге: ұ дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға үйрету Ата-аналарға: амал мерекесінің мәнін түсіндіру.		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 11.03.2024	Сейсенбі – 12.03.2024 «Еркем-ай» ортаңғы тобы		Сәрсенбі – 13.03.2024 «Болашақ» ересек тобы		Бейсенбі – 14.03.2024 Жұма – 15.03.2024
	Тақырыбы: «Азық-түлік» 1.Сәлемдесу . Жылулық шеңбері. Армысың, алтын күн! Армысың кең далам. Армысың, жан досым! Жылуыма жылу қос, Міне, менің қолым бос 2. Өңгімелесу. «Азық түлік» атты сурет бойынша. Мұғалім балалардың назарын суретке аударып, әңгімелеседі. Бүгін балабақшада қандай тағаммен тамақтандыңдар? Дастарханда не бар? 3.Дидактикалық ойын: «Дастархан»		Тақырыбы: «Амал мерекесі» 1.Сәлемдесу. Шаттық шеңбері. Армысың,Әлем!Армысың,Жарық Күн! Армысың,абзал Адам! Армысың,менің досым! 2. Өңгімелесу. (Ай,апта күнін,жыл мезгілінайту, ауа райын айтады) -Бүгін ерекше күн – Көрісу айт мейрамы. Барлық адамдар бір-бірімен көрісіп,құшақтасып,қал- жағыдайларын сұрасып қуанады.Бауырсақ,түрлі тағамдармен тамақтанады.....		

	дастарханның үстіне адам санына байланысты тағамдарды тәрелкеге сызықпен қосады. Бір тәрелкеге бір бауырсақ, бір құрт, бір тостаған қымыз. 4. Сергіту сәті. «Қуыр-қуыр қуырмаш» қимылдар жасайды. 5. Мақал-мәтел жаттап жүрейік. Таңғы асты тастама. Ас адамның арқауы. Қорытынды: «Біз не үйрендік?» сұрағына жауап алынады. Смайликтер арқылы. Күтілетін нәтиже: балалардың өздеріне айтылған пікірді түсінуін қалыптастыру.	3.Ойын: «Тақия тастамақ». Балалар дөңеленіп отырып ойнайды. 4.Келесі ойын: «Асық ату» асықтарды құлату керек. Хан талапайды құлатқан бала жеңіске жетеді. 4. «Көрісуде айтылатын тілектер» ойыны. Сурет арқылы балалар бір-бірімен көрісіп тілек айталы. Бір жасың құтты болсын! Жасыңа жас қосылсын! Ғұмырың ұзақ болсын! Қорытынды: «Маған не ұнады?» әдісі бойынша ҰІӨ қорытындаланады. Күтілетін нәтиже: үлгі бойынша жайылма сөйлемдер құра білуге үйренеді.		
--	---	---	--	--

Келісемін 
Бөбекжай әдіскері

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 18.03.-22.03.2024

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы Наурыздағы ойындарды айтып береді	«Болашақ» ересек тобы Наурыздағы ойындарды айтып береді		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: Наурыз мерекесі туралы түсініктерін кеңейту Ата-аналарға: наурыз көже туралы әңгімелеу	Тәрбиешілерге: Наурыз мерекесі туралы түсініктерін кеңейту Ата-аналарға: наурыз көже туралы әңгімелеу		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 18.03.2024	Сейсенбі – 19.03.2024 «Еркем-ай» ортаңғы тобы		Сәрсенбі – 20.03.2024 «Болашақ» ересек тобы		Бейсенбі – 21.03.2024 Жұма – 22.03.2024
	Тақырыбы: «Наурыз тойы» 1.Сәлемдесу . Жылулық шеңбері. 2. Әңгімелесу. «Наурыз мерекесі» атты сурет бойынша. Мұғалім балалардың назарын суретке аударып, әңгімелеседі. Балалар қазыр жылдың қай мезгілі? Көктем мезігілінің қай айы? 3.Дидактикалық ойын: «Суретті орналастыр» ұлттық ойындардың суреттерін көлеңкелерімен сәйкестендіреді. 4.Сергіту сәті:		Тақырыбы: «Наурыз тойы» 1.Сәлемдесу . Жылулық шеңбері. 2. Әңгімелесу. «Наурыз мерекесі» атты сурет бойынша. Мұғалім балалардың назарын суретке аударып, әңгімелеседі. Балалар қазыр жылдың қай мезгілі? Көктем мезігілінің қай айы? 3.Дидактикалық ойын: «Суретті орналастыр» ұлттық ойындардың суреттерін көлеңкелерімен сәйкестендіреді. 4.Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар,		

	Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар Біп-биік боп өседі. (Мазмұнына қарай қимыл-қозғалыс жасайды). 5. Дидактикалық ойын «Наурыз көже» Наурыз көжеге қосылатын тағамдарды сәйкестендіріп, атайды. Қорытынды: «Біз не үйрендік?» сұрағына жауап алынады. Смайликтер арқылы. Күтілетін нәтиже: сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамытады.	Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар Біп-биік боп өседі. (Мазмұнына қарай қимыл-қозғалыс жасайды). 5. Дидактикалық ойын «Наурыз көже» Наурыз көжеге қосылатын тағамдарды сәйкестендіріп, атайды. Қорытынды: «Біз не үйрендік?» сұрағына жауап алынады. Смайликтер арқылы. Күтілетін нәтиже: сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамытады.		
--	--	---	--	--

Келісемін 
Бөбекжай әдіскері

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 26.03.-29.03.2024

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы Бір-біріне түрі ұқасак құстарды біріктіреді	«Болашақ» ересек тобы Көктем мезгіліндегі табиғат құбылыстары туралы айтып береді		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: құстар туралы әңгімелеу Ата-аналарға: құстарға қамқорлық жасауға баулу	Тәрбиешілерге: санамақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Ата-аналарға: көктемде ұшып келетін құстар туралы әңгімелеу		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 25.03.2024	Сейсенбі – 26.03.2024 «Еркем-ай» ортаңғы тобы		Сәрсенбі – 27.03.2024 «Болашақ» ересек тобы	Бейсенбі – 28.03.2024	Жұма – 29.03.2024
	Тақырыбы: «Көктем сәні»ертегісі. 1.Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. 2.Әңгімелесу.«Көктем сәні» ертегісін үстел үсті театры арқылымеңгеру. «Түрлі заттар» ойыны. Балалар аталған түске сәйкес заттар айтуы тиіс. Мысалы: сары-балапан,күн, алмұрт т.б. 3.Сергіту сәті. Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі.		Тақырыбы: «Көктем» 1. Сәлемдесу. Жылулық шеңбері 2. Әңгімелесу. Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілінің айларын атаңдаршы. -Көктем келді. Күн жылынды. Қар ереді. Құстар ұшып келе бастады. 3. Дидактикалық ойын. «Ұяға не ұшып келді?» Сурет арқылы ұяға ұшып келген құстарды атайды. Жай сөйлемдер құрады. Ұяға қарлығаш ұшып келді.		

	Кіп-кішкентай ағаштар Биік болып өседі. 4.«Суреттер сөйлейді» ойыны.Көктемде түрлі әрекет жасап жатқан бүлдіршіндердің суреттерін сипаттайды. Қорытынды. «Пирамида» әдісі арқылыкері байланыс береді. Пирамиданың бес сатысында отырған суреттерге қарап бүгінгі ҰІӨқалай әсер еткенін көрсетеді. Күтілетін нәтиже: Бұйрақ райлы етістіктерді жекелей қолдануға (бар, кел, айт) үйренеді.	Ұяға торғай ұшып келді. 4. Сергіту сәті. Қане, қанат жазайық, Қарлығаш боп ұшайық. Ұшып-ұшып алайық. Орнымызға қонайық. 5.Дыбыстық жаттығулар. Шық-шық-шымшықҚұс-құс-құстар Санамақ. Бір, екі, үш, Бір, екі, үш, Ал, кәнеки, үш. Төрт, бес, алты, жеті,Төрт, бес, алты, жеті, Мынау – ауыл шеті. Сегіз, тоғыз, он, Сегіз, тоғыз, он, Ал, кәнеки, қон. Асықпа да саспа, Бірден қайта баста. <i>(санамақтарды жатқаайтады)</i> Қорытынды: «Маған не ұнады?» әдісі арқылы кері байланыс жасайды. Күтілетін нәтиже: шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттайды, жұмбақтар шешеді.		
--	--	---	--	--

Келісемінн 
Бөбекжай әдіскері

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 01.04.-05.04.2024

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы Тіл ұстарту жаттығуын қайталайды.	«Болашақ» ересек тобы Көктемде оралатын құстардың бейнесін мозайка арқылы құрастырады.		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: көктем туралы тақпақтар жаттату. Ата-аналарға: көктем мезгілінде болатын құбылыстар туралы әңгімелеу	Тәрбиешілерге: құстар туралы тақпақтар жаттату. Ата-аналарға: суреттер бойынша әңгіме құруға үйрету		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 01.04.2024	Сейсенбі – 02.04.2024 «Еркем-ай» ортаңғы тобы		Сәрсенбі – 03.04.2024 «Болашақ» ересек тобы	Бейсенбі – 04.04.2024	Жұма – 05.04.2024
	Тақырып: «Шуақтыкөктем» 1. Сәлемдесу. Нейрожаттығу. 2. Әңгімелесу. «Көктем» туралы бейнеролик тамашалайды. Мұғалім бейнероликтен кейін балалармен көктем мезгілі туралы әңгімелеседі. 3.«Суретті толықтыр» Көктем мезгілінің суретінің боялмаған тұстарын сәйкес түспен бояп, сипаттайды, Әңгімелейді. 4.«Гүл күлтелерін топтастыр» ойыны. Әр		Тақырып: «Көктем мезгілі» 1.Сәлемдесу. Шаттық шеңбері Біз балдырған тең басқан, Досқа құшағын кең ашқан. Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын көк аспан. Мықты болсын іргеміз, Бәріміз біз біргеміз. 2. Әңгімелесу. - Көктем келді. Күн жылынды,қар мұз ереді. Көктемде құстар қайтып		

	түрлі түстегі күлтелерді бөліп ажыратады. Тіл ұстарту жаттығуы Үл-үл-үл Құлпырады гүл. Үн-үн-үн, Жарқырайды күн. Қорытынды: «Біз не үйрендік?» әдісі бойынша сұрақтарға жауап алынады. Күтілетін нәтиже: қазақ тіліне тән үдыбысын өздігінен дұрыс айтуға үйренеді.	ұшып келе бастады. -Қандай құстарды білесіңдер? (балалардың жауабы): торғай, қарға, көгершін, қарлығаш, үйрек, қаз. 3. Дидактикалық ойын: «Бүршігін жабыстыр» ағаштардың бүршігін жабыстырады. 4. Сергіту сәті. «Бала, бала, балақан» әніне қимылды қозғалыстар жасайды, әнінің сөздерін қосылып жатқа айтады. 5. «Теледидар көрейік» көктем мезгілінің суреттері теледидардан жылжып тұрады. Суреттер бойынша әңгіме құрастырады. Қорытынды: «Түймедақ гүлі» әдісі арқылы кері байланыс береді. Күтілетін нәтиже: Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастырады.		
--	---	---	--	--

Келісемінн 
Бөбекжай әдіскері

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 08.04.-12.04.2024

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы Тіл ұстарту жаттығуын айтады	«Болашақ» ересек тобы Дала гүлдері мен бөлме гүлдерін ажыратады.		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: көктем туралы тақпақтар жаттату Ата-аналарға: гүлдерді күтіп-баптау туралы әңгімелесу.	Тәрбиешілерге: өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізе білуге үйрету. Ата-аналарға: гүлдерді күтіп-баптау туралы әңгімелесу.		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 08.04.2024	Сейсенбі – 09.04.2024 «Еркем-ай» ортаңғы тобы		Сәрсенбі – 10.04.2024 «Болашақ» ересек тобы		Бейсенбі – 11.04.2024 Жұма – 12.04.2024
	Тақырыбы: «Көктемгі гүлдер» 1. Сәлемдесу Шаттық шеңбері. Күнім күліп арайлы, Тереземнен қарайды. Достарыммен шеңберге, Тұрғанымды қалайды. 2. Әңгімелесу. Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілінде әдемі гүлдердің жайқалып өсіп шығатынын білесіңдер ме?		Тақырыбы: «Гүлдер» 1. Сәлемдесу. Шаттық шеңбері. Күнім күліп арайлы, Тереземнен қарайды. Достарыммен шеңберге, Тұрғанымды қалайды 2. Миға шабуыл. Күн ұзарып, қар еріп. Су сайларға толады, Бұл қай кезде болады? (көктемде)		

	Қызғалдақ, бақбақ, бәйшешек деген гүлдер ең бірінші гүлдейді екен. 3. Дидактикалық тапсырма. Дәптермен жұмыс. Гүлдердің түсі қандай? Суретте неше қылқалам бар? Гүлдердің түсіне сай қылқаламды қарындашпен сызып қос. 4. Сергіту сәті. «Көңілді күн» әніне қимыл-қозғалыстар жасайды. 5. Тақпақ жаттайық. Алақай, алақай!- Қуанды балақай: Қыс кетті, құс кепті! (Е.Өтетілеуұлы) Тіл ұстарту жаттығуы. Үл-үл-үл Құлпырады гүл. Қорытынды: Күтілетін нәтиже:қазақ тіліне тән «ү» дыбысын өздігінен дұрыс айтады. Баланың сөздік қорын дамытуда тақпақтар жаттайды.	Балалар, көктемде гүлдер құлпырып өседі. Сендерге қандай гүл ұнайды? Тағы қандай гүлдерді білесіңдер? Гүлдер бөлме гүлдері және дала гүлдері деп бөлінеді. 3. Дидактикалық ойын: «Қанқызы». Қанқызын гүлге орналастыру үшін, гүлдегі санмен ханқызының нүктелерін санап, сәйкестендіреді. 4. Сергіту сәті: Көтерілсе күнім, Ашылады гүлім. Кешкісін күн батады, Гүл ұйқыға жатады. 5. Дидактикалық ойын. «Гүлдерді топта» Дала гүлдерін көкқыстырғышпен, бөлме гүлдерін қызыл қыстырғышпен қыстырып белгілейді. Тыныс алу жаттығуы. Бақбақ гүлін үрлейді. Қорытынды. «Түймедақ» әдісі арқылы кері байланыс жасайды. Күтілетін нәтиже: өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізеді.		
--	--	---	--	--

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 15.04.-19.04.2024

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы Ертегіде қандай табиғат құбылыстары болғанын айтып береді.	«Болашақ» ересек тобы Ертегідегі кейіпкердерлі сипаттап береді		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: түстерді ажырата білуге үйрету Ата-аналарға: гүлдерді қазақша атауларымен айтуға дағдыландыру	Тәрбиешілерге: ертегі мазмұнын дұрыс қабылдай білуге баулу Ата-аналарға: өз ойын жайылма сөйлемдермен жезкізе білуге мүмкіндік беру		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 15.04.2024	Сейсенбі – 16.04.2024 «Еркем-ай» ортаңғы тобы		Сәрсенбі – 17.04.2024 «Болашақ» ересек тобы	Бейсенбі – 18.04.2024	Жұма – 19.04.2024
	Тақырыбы: «Гүлдер» ертегісі 1.Сәлемдесу. Күнім күліп арайлы, Тереземнен қарайды. Достарыммен шеңберге, Тұрғанымды қалайды 2. Әңгімелесу. Ертегіні үстел үстітеатры арқылы тамашалайды. Балалар, ертегі не туралы? Гүл неге мұңайды? Ол билеген кезде не болды? Ертегі қалай аяқталады? 3. Дәптермен жұмыс. Жарты гүлдің		Тақырыбы: «Өтеш пен тотықұс» ертегісі 1. Сәлемдесу. Қайырлы таң алтын күн! Қайырлы таң жер-ана! Қайырлы таң сұлу әлем! Қайырлы таң достарым! 2.Әңгімелесу. Мұғалім «Өтеш пен тотықұс» ертегісін балаларға оқып береді. Балалар, ертегі сендерге ұнады ма? Ертегіде қандай құстар туралы айтылған?		

	суретін дәл екінші жартысындағыдай етіп салып, бояйды. 4. Сергіту сәті Көтерілсе күнім, Ашылады гүлім. Кешкісін күн батады, Гүл ұйқыға жатады. 5. Дидактикалық тапсырма. «Гүлді қай жәндік жақсы көреді?» Жәндіктер мен гүлдердің түсіне сәйкестендіріп, сызықпен қосады. (қызғалдақ – қанқызы, күнбағыс- ара, сары көбелек-бақбақ) Қорытынды: «Саған қандай гүл ұнайды?» сұрағына жауап алынады. Күтілетін нәтиже: таныс ертегілер мен шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап бере алады.	3.Дидактикалық ойын. Еретігінің мазмұнын суреттер бойынша ретімен айтып береді. Балалар, әтеш қандай құс болған екен? Тотықұс оның киімін не үшін сұрап алды? Әтеш қалай шақырады? 4. Сергіту сәті. «Шөп-шөп шөжелерім» әніне қимыл-қозғалыстар жасап, билейді. 5. Дәптермен жұмыс. Әтештің суретін бояйды. Қорытынды: «Маған не ұнады?» әдісі арқылы сұрақтарға жауап береді. Күтілетін нәтиже: кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын жай сөйлемдермен білдіре алуға үйренеді.		
--	---	---	--	--

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы
Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы
Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары
Балалардың жасы: 3,4
Жоспардың құрылу кезеңі: 22.04.-26.04.2024
Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы Сақ-сақ-сақ, Түрлі-түсті кемпір қосақ	«Болашақ» ересек тобы Ертегі кейіпкерлерін сипаттайды		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: негізгі түстерді ажырата білуге үйрету Ата-аналарға: кемпірқосақтың неден пайда болатынын әңгімелеу	Тәрбиешілерге: кемпірқосақтың пайда болуы туралы әңгімелейді. Ата-аналарға: кемпірқосақтың түстерін қайталайды.		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 22.04.2024	Сейсенбі – 23.04.2024 «Еркем-ай» ортаңғы тобы	Сәрсенбі – 24.04.2024 «Болашақ» ересек тобы	Бейсенбі – 25.04.2024	Жұма – 26.04.2024	
	Тақырыбы: «Түрлі түстер әлемі» 1. Сәлемдесу. Күн нұрын шашқан, Төбемізде ашық аспан. Мықты болып өсеміз, Жамандықтан қашқан. 2. Әңгімелесу. Кемпірқосақ туралы интерактивті тақтадан бейнежазба тамашалайды. Сұрақ-жауап. Суреттен не көріп тұрсыңдар?	Тақырыбы: «Кемпірқосақ» ертегісі 1. Сәлемдесу. Мейірімді жүрекпен, Ақ пейілді тілекпен. Амандасып алайық, Бір жадырап қалайық. 2. Әңгімелесу. «Кемпірқосақ» ертегісін аудиожазбадан тыңдайды. Ертегі не туралы? Ертегідегі кейіпкерлерді ата. Кемпірқосақ неден пайда болған? Кемпірқосақ деген сөз нені білдіреді екен?			

	Балалар сендер кемпірқосақты көріңдер ме? Кемпірқосақтың түстерін атандар. Кемпірқосақ қай уақытта шығады? Қемпірқосақ қандай? Оны қайдан көреміз? 3. Дидактикалық тапсырма: Кемпірқосақтың жолағы тиіп тұрған шар сол түске сәйкес бояйды. 4. Сергіту сәті. Күндей болып күлеміз, Гүлдей болып өсеміз. Құстар болып ұшамыз, Көбелектей қонамыз. 5. Дәптермен жұмыс. Түрлі-түсті гүлдерді ағаштағы гүлдің түсімен сәйкестендіріп, қарындашпен қосады. Тіл ұстарту жаттығуы. Сақ-сақ-сақ, Түрлі-түсті кемпірқосақ Қорытынды: «Қызық екен» әдісі арқылы кері байналыс жасайды. Күтілетін нәтиже: зат есім мен үстеуден жасалған сөз тіркестерін құрастырады.	3. «Ертегі мозайкасы» Ертегі сюжетінің суреттерін ретімен құрастырады. 4. Қимылды ойын «Тақия тастамақ» 5. Ертегіде кездесетін атауында «і» дыбысын бар сөздерді атайды: кемпір, іс, пішін. Бұдан басқа «і» әріпінен басталатын қандай сөздерді білесіңдер. (ірімшік, ілгіш, іні) «і» дыбысына байланысты буындарды қайталайық. Ін-із-іс-ір-ік-іт-іш-іл-іп. Қорытынды: «Кемпірқосақ түстері» әдісі арқылы кері байланыс жасайды. Күтілетін нәтиже: қазақ тіліне тән «і» дыбысы жеке, сөз ішінде анық айтады.		
--	--	---	--	--

Келісемінн 
Бөбекжай әдіскері

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 29.04.-04.05.2024

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

01.05.-05.05.2023 (I апта)

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Сенбі
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы Жаңылтпашты жатқа айтады	«Болашақ» ересек тобы Бірлік, ынтымақ туралы мақалды жаттайды			
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: достық туралы мақал-мәтелдер жаттату Ата-аналарға: бірлік мерекесінің мәнін түсіндіру	Тәрбиешілерге: бірлік мерекесінің мәнін түсіндіру Ата-аналарға: баланы достыққа, татулыққа тәрбиелеу			
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары						
Дүйсенбі 29.04.2024	Сейсенбі – 30.04.2024 «Еркем-ай» ортаңғы тобы		Сәрсенбі – 01.05.2024	Бейсенбі – 02.05.2024	Жұма – 03.05.2024	Сенбі – 04.05.2024
	Тақырыбы: «Дос болайық бәріміз» 1. Сәлемдесу. Жылулық шеңбері. Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде, Достарым көп білемін. 2. Әңгімелесу. Балалар, 1 мамыр бірлік, татулық, достық күні. Балалар біздің елімізде көптеген ұлт өкілдері бар екенін білесіндер ме? Қандай ұлттарды білесіндер? 3. Дидактикалық тапсырма:					

«Достар» әр балаға тиісті батпырауығын сызықпен қосады. 4.Сергіту сәті: Ортақ мекен жер шары, Төбемізде бір аспан. Барлық ұлттың баласы, Достығымыз жарасқан. 5. «Жаңылтпаштан жаңылма» Досқа босқа қарама, Дос та босқа қала ма? Омартаға балалар барар. Балаларды аралар талар. Көктемде шөп өнер жер Мал келер, мал ерер жер. Қорытынды: «Домбыра» әдісімен кері байланыс жасайды. Күтілетін нәтиже: баланың сөздік қорын дамытуда жаңылтпаштар жаттайды.				
---	--	--	--	--

Келісемін 
Бөбекжай әдіскері

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 06.05.-10.05.2024

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

08.05.-12.05.2023 (II апта)

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы	«Болашақ» ересек тобы		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы					
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 06.05.2024	Сейсенбі – 07.05.2024 Мереке күні	Сәрсенбі – 08.05.2024 Мереке күні	Бейсенбі – 09.05.2024	Жұма – 10.05.2024	

Келісемін 
Бөбекжай әдіскері

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 13.05.-17.05.2024

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

15.05.-19.05.2023 (III апта)

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы Жаз қандай? Сипаттап береді.	«Болашақ» ересек тобы Суреттерден атауында «ғ» дыбысы кездесетін заттарды атап көрсетеді.		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: зат есім мен етістіктен жасалған сөз тіркестерін құрастырады. Ата-аналарға: жаз мезгіліндегі өзгерістер туралы айтады.	Тәрбиешілерге: «ғ» дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу Ата-аналарға: өсімдіктерге қамқорлық жасауға үйрету		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 13.05.2024	Сейсенбі – 14.05.2024 «Еркем-ай» ортаңғы тобы		Сәрсенбі – 15.05.2024 «Болашақ» ересек тобы	Бейсенбі – 16.05.2023	Жұма – 17.05.2024
	Тақырыбы: «Жаз жақындап келеді» 1. Сәлемдесу. Ортақ жұтар ауамыз, Ортақ жарық күніміз. Достық туған анамыз, Жердің қызы, ұлымыз. 2. Әңгімелесу. Балалар көктемнен кейін қай жыл мезгілі басталады? Жаз мезгілі сендерге ұнайды ма? Жаз мезгілі қандай? 3. Дидактикалық ойын. «Алуан гүлдер» Гүлдердің түсі қандай? Суретте неше қылқалам бар? Гүлдердің түсіне сай қылқаламды		Тақырыбы: «Жаз мезгілі» 1.Сәлемдесу. Ортақ жұтар ауамыз, Ортақ жарық күніміз. Достық туған анамыз, Жердің қызы, ұлымыз. 2.Әңгімелесу. Сурет ойынша әңгімелеседі. Суретте қандай жыл мезгілі бейнеленген? Суретте неше көбелек бар? Олардың түсі қандай? Жаз мезгілінің айларын білесіңдер ме? Суреттен атауында «ғ»		

	қарындашпен сызып қосады. 4.Сергіту сәті. «Көбелектер» әуен ырғағымен билейді. 5.Дидактикалық тапсырма. Суретке қарап сөз тіркестерін құрастырады. Жазда не істейміз? Суға шомыламыз. Көбелектерді тамашалаймыз. ... Қорытынды. «Біз не үйрендік?» әдісімен кері байланыс жасайды. Күтілетін нәтиже: зат есім мен етістіктен жасалған сөз тіркестерін құрастырады.	дыбысы кездесетін сөздерді тауып айтады. (ағаш, жағалау, қызғалдақ) Дидактикалық тапсырма: үзік сызықтарды қосып, күннің сәулелерін толықтырады. 4. Сергіту сәті: Көл жағалай көп құстар Ұшып-қонып жатады. Қикуланып әр тұстан Сызылтып үн қатады. Дөңгеленіп төбеден Сәулесін күн төгеді. Жарқын жаздың не деген Жасыл түсі көп еді. 5. Тіл ұстарту жаттығуы. Үн-үн-үн, Ыстық күн. Аз-аз-аз, Жайдары жаз. Қорытынды: «Алуан көбелек» әдісімен кері байланыс жасайды. Күтілетін нәтиже: қазақ тіліне тән «ғ» дыбысы жеке, сөз ішінде анық айтады.		
--	--	--	--	--

Келісемін 
Бөбекжай әдіскері

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4


Жоспардың құрылу кезеңі: 20.05.-24.05.2024

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

22.05.-26.05.2023 (IV апта)

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы «Бұл қай мезгілде болады?» Суреттерді топтастырады.	«Болашақ» ересек тобы Ертегінің мазмұнын түінгені бойынша айтып береді.		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: «ү» дыбысын өздігінен дұрыс айтуға үйрету Ата-аналарға: жәндіктерге тиіспеуге, оларға қарап еңбекқор болуға баулу	Тәрбиешілерге: кейіпкерлерінің бейнесін жеткізе білуге, кейіпкерлердің басқа қырынан көрсете білуге үйрету. Ата-аналарға: ертегіні қайталап көру		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 20.05.2024	Сейсенбі – 21.05.2024 «Еркем-ай» ортаңғы тобы		Сәрсенбі – 22.05.2024 «Болашақ» ересек тобы	Бейсенбі – 23.05.2024	Жұма – 24.05.2024
	Тақырыбы: «Алақай, жаз келді!» 1. Сәлемдесу. Алақанды ашайық Күннің нұрын салайық, Осы жақсы лебізді Досымызға сыйлайық 2. Әңгімелесу. Балалардың назарын		«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі. 1.Сәлемдесу. Сәлем саған, алтын күн, Сәлем саған, көк аспан, Сәлем саған, жер ана, Сәлем саған, достарым!		

	суретке аударып әңгімелеседі. Балалар, көктемнен кейін қандай жыл мезгілі басталады? Жаз да қандай өзгерістер болады? Жаз мезгілінде жәндіктер оянады. Қандай жәндіктерді білесіңдер? 3. Дидактикалық тапсырма. «Бұл қай мезгілде болады?» әр жыл мезгіліне тән өзгерістерді сәйкестендіреді. Сөйлем құрайды. 4. Сергіту сәті. Көл жағалай көп құстар Ұшып-қонып жатады. Қикуланып әр тұстан Сызылтып үн қатады. Дөңгеленіп төбеден Сәулесін күн төгеді. Жарқын жаздың не деген Жасыл түсі көп еді. 5. Ойын. Жапырақтардың астынан жәндіктерді тауып санайды, түсін айтады. (қанқызы, ұлу, инелік, көбелек) Ұлу сөзін созып, анық айтады. Қорытынды. «Смайликті сағат» әдісімен кері байланыс жасайды. Күтілетін нәтиже: қазақ тіліне тән «ұ» дыбысын өздігінен дұрыс айтуға үйренеді.	2. Әңгімелесу: «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін теледидар қорапшасы арқылы тамашалайды. Балалар ертегі не туралы? Ертегіде қандай жануарлар бар? 3. Дидактикалық ойын. Ертегінің аудио жазбасын кез-келген жерінен қосқан кезде балалар сол жерде бастап ары қарай жалғастырады. 4. Қимылды ойын. Ертегінің сюжетін сөзсіз қимылмен орындап шығады. 5. «Иә, жоқ» ойыны. Иә және жоқ сөзінің ортасына сызық сызылады. Балалар сұрақтарға жауап беру үшін сызықтан секіріп тұрады. Жылбасы тышқан ба? Жылбасына 5 хайуанат таласты ма? ... Қорытынды: «Домбыра пернесі» әдісі арқылы кері байланыс береді. Күтілетін нәтиже: тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің басқа қырынан көрсете біледі.		
--	--	--	--	--

Келісемін 
Бөбекжай әдіскері

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру процесінің апталық циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топтар: «Еркем-ай», «Болашақ» топтары

Балалардың жасы: 3,4

Жоспардың құрылу кезеңі: 27.05.-31.05.2024

Қазақ тілі пәні мұғалімі: М.Е.Сариева

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалармен жеке жұмыс		«Еркем-ай» ортаңғы тобы Ол қандай? Ертегі кейіпкерлерін сипаттайды	«Болашақ» ересек тобы		
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы		Тәрбиешілерге: ертегінің мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға үйрету Ата-аналарға: балаларға жәндіктерге қамқор болуға үйрету	Тәрбиешілерге: Жаз мезілі бойынша суретке қарап әңгіме құрастыру Ата-аналарға: Жазда ойналатын ойындар туралы ұсыныс		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жұмыстары					
Дүйсенбі – 27.05.2024	Сейсенбі – 28.05.2024 «Еркем-ай» ортаңғы тобы	Сәрсенбі – 29.05.2024 ««Болашақ» ересек тобы		Бейсенбі – 30.05.2024	Жұма – 31.05.2024
	Тақырыбы: «Адасқан құмырсқа» 1. Сәлемдесу Күн нұрын шашқан, Төбемізде ашық аспан. Мықты болып өсеміз, Жамандықтан қашқан. 2. Әңгімелесу. «Адасқан құмырсқа»	Тақырыбы: «Жаз мезгілі» 1. Сәлемдесу. Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойға түйеміз. Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызға тілейміз! 2. Әңгімелесу. Балалар, жаз мезгілі қандай? Жазда қандай ойындар ойнауға болады?			

	ертегісін ойыншық таяқшалар арқылы тамашалайды. Балалар, ертегі не туралы? Ертегіне қандай жәндәктер кездеседі? Ертегі немен аяқталды? 3. Дидактикалық ойын. «Құмырсқаға көмектесейік» құмырсқа дәнді илеуіне жеткізу үшін жолды қарындашпен сызады. 4. Сергіту сәті. «Ізімнен қайтала» Мұғалімнің нұсқауымен табан іздерін үстінен басып секіреді. 5. «Қандай азық жинайды?» Ертегідегі жәндіктерді азыққа не жинайтындары айтады. Сұрақтарға жауап береді. Ертегінің мазмұнын ойыншықтарды пайдалану арқылы айтады. Қорытынды. «Маған не ұнады?» сұрағына жауап алынады. Күтілетін нәтиже. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтады.	3. Суретпен жұмыс. Қысқа мәтін құра. Жазда балалар не істейді? Қандай ойындар ойнайды? Тағы не істеуге болады? Ойдан құрастырады. 4. Сергіту сәті. Көл жағалай көп құстар Ұшып-қонып жатады. Қикуланып әр тұстан Сызылтып үн қатады. Дөңгеленіп төбеден Сәулесін күн төгеді. Жарқын жаздың не деген Жасыл түсі көп еді. 5. Дидактикалық ойын: көбелектерді гүлдердің түсіне сәйкес жабыстырады. Қорытынды. «Жазғы ойындар» буклетті таңдау арлығы кері байланыс береді. Күтілетін нәтиже: берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастырады.		
--	---	---	--	--